

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ДУБЕКОВА АЛИНА АСХАТОВНА

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталған тұлғаларға
пробациялық бақылауды жүзеге асыру проблемалары

7M04203 «Құқықтану» (ғылыми және педагогикалық бағыт) білім беру
бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға
диссертация

Ғылыми жетекші:

Жоғары оқу орнын кейінгі білім беру
институты

Арнайы заң пәндері кафедрасының доценті,

Д.Т. Амуртаева

заң ғылымдарының кандидаты,

2-сыныпты заңгер

Қосшы қ., 2022 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Магистрлік диссертация кіріспеден, екі негізгі бөлімнен және оларға кіретін алты кіші бөлімдерден, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады.

Диссертациялық зерттеу барысында пробациялық бақылау саласына қатысты Қазақстан Республикасындағы пробация институтының құқықтық табиғатын ашудан бастап пробациялық бақылауды жүзеге асыруда туындайтын проблемаларды анықтау үшін талдау жұмыстары жүргізілді, статистикалық ақпараттарға зерттеу жасалды. Осы саладағы қызметтің пәніне, объектісіне, және субъектісіне анықтама берілді.

РЕЗЮМЕ

Магистерская диссертация состоит из введения, двух основных разделов и шести входящих в них подразделов, заключения, списка использованных источников.

В ходе диссертационного исследования проведена аналитическая работа по выявлению проблем, возникающих при осуществлении пробационного контроля, начиная с раскрытия правовой природы института пробации в Республике Казахстан, касающихся сферы пробационного контроля, проведено исследование статистических данных. Дано определение предмета, объекта и субъекта деятельности в данной сфере.

SUMMARY

The master's thesis consists of an introduction, two main sections and six subsections included in them, a conclusion, and a list of sources used.

In the course of the dissertation research, analytical work was carried out to identify problems arising in the implementation of probation control, starting with the disclosure of the legal nature of the probation institute in the Republic of Kazakhstan concerning the sphere of probation control, a study of statistical data was conducted. The definition of the subject, object and subject of activity in this area is given.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ПРОБАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ	
1.1 Жазаларды орындау жүйесіндегі пробацияның түсінігі және оның мәні.....	12
1.2 Қазақстан Республикасындағы пробация қызметінің даму кезеңдері және ерекшелігі.....	19
1.3 Шетел мемлекеттері пробация қызметінің тәжірибесі.....	47
2 ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗАҒА СОТТАЛҒАНДАРҒА ПРОБАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ	
2.1 Бас бостандығын шектеу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандарға пробациялық бақылауды жүзеге асырудың ерекшеліктері.....	54
2.2 Пробация қызметінің айыппұл және түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау кезіндегі қызметінің негізгі бағыттары.....	72
2.3 Қазақстан Республикасындағы пробация қызметінің жұмысын жетілдірудің жолдары.....	81
ҚОРЫТЫНДЫ.....	89
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	93
ҚОСЫМША 1. Енгізу актісі.....	101
ҚОСЫМША 2. Нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарға салыстырма кесте.....	103
ҚОСЫМША 3. Сауалнама парағы	106
ҚОСЫМША 4. Сауалнама нәтижелері.....	108

БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ББА – Бас бостандығынан айыру

ББШ – Бас бостандығын шектеу

БОАК – Бүкілресейлік орталық атқару комитеті

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

КПБ – Криминалдық полиция бөлімі

КСРО – Кеңес социалистік республикалар одағы

ҚАЖД – Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті

ҚАЖК – Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті

ҚАИ – Қылмыстық-атқару инспекциясы

ҚАК – Қылмыстық-атқару кодексі

ҚК – Қылмыстық кодекс

ҚР – Қазақстан Республикасы

ОАК – Орталық атқару комитеті

ПБ – Полиция басқармасы

ПҚ – Пробация қызметі

РКФСР – Ресей кеңестік федерациялық социалистік республикасы

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

УҰИ – Уақытша ұстау изоляторы

ҮЕҰ – Үкіметтік емес ұйымдар

ХКК – Халық комиссарлар кеңесі

ІМ – Ішкі істер министрлігі

т.б. – тағы басқа

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасы өзін тәуелсіз, құқықтық мемлекет болып жариялағанына 30 жылдан асты. Қазіргі таңда мемлекетіміз адам құқықтарын қорғау саласында Халықаралық Конвенцияларға қосылып, қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын ізгілендіруі еліміздің құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі болып отыр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының 4.12 тармағында бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды сапалы түрде орындау өзекті болып отырғаны нақты жазылған. Сотталғандардың жазаларын өтеуіне байланысты мәселені шешу үшін осы сала заңнамалық реттеуді қажет ететіндігі айтылған[1].

Адамды заңтыңдаушы қоғамнан оқшаулау арқылы оны түзеу мүмкін емес деген тұжырымды мойындау керек. Сонымен қатар, бас бостандығынан айыруды қолдануға деген кең таралған ұмтылыс өмірдің өзімен қоғамның қылмыстандырылуын көрсетіп отыр. Әрі бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шыққан тұлға, әсіресе, кеңес үкіметі кезеңіндегі жағдайдан бастау алған жасақтық-барактық жүйені көрген сотталған өзінің санасына еріксіз түрменің субмәдениетін сіңіріп алады, кейін оны босатылған соң қоғамға алып келеді. Сондықтан елімізге халықаралық тәжірибені меңгеру мен сотталғандардың санын азайтуға арналған әсерлі тетіктерді іздеу, ұлттық заңнамаға шетелде кең таралған «пробация» деген құқықтық институтты ендіруге алып келді.

«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 15 ақпандағы Заңы қабылдануы Қазақстанда қазіргі пробацияның туындауына бастама болды. Дәл сол уақытта пробацияның даму барысында, қылмыстық-атқару жүйесі сындарлы кезеңге тап болған. Нақтырақ айтсақ, 2011 жылы қылмыстық-атқару жүйесі Әділет министрлігінен кері Ішкі істер министрлігі қарамағына қайтарылған. Осы аталған жағдай пробацияның алғашқы құрастырылған

үлгісін айтарлықтай өзгерістерге ұшыратты. Бұл жоба оның бірнеше ережелерін қысқарту салдарынан жеңілдетілді. Нәтижесінде бұл сатыда қысқартылған өкілеттігі бар пробация қызметі жасалды. Әрі қарай 2016 жылы 30 желтоқсанда қабылданған «Пробация туралы» Заң қазақстандық пробацияға белгіленген жүйе берді. Оның түрлерінің логикалық байланысын көрсетті және негізгі ұйымдастырушылық жағдайларын айқындай түсті [2]. Дегенмен де, пробация жайлы кең мағынада қарайтын болсақ, яғни қызмет емес, оған құқықтық институт деп қарайтын болсақ, шетелдік және қазақстандық модельде сыртқы ұқсастықтарына қарамастан, бірқатар айырмашылықтар байқалады. Ең басты айырмашылық – пробацияның мәнінде. Шетелдік заңнамада және құқыққолдану тәжірибесінде бұл мән ең жоғарғы деңгейде тұр. Ағылшын тілінің «probation» деген сөзінен шыққан «пробация» сөзінің тура мағынасы «сынақ» деп аударылады. Және бұл бос дыбыстар емес, осы сынақ режимінде бүкіл пробация және оның түрлерінің бар мағынасы жатыр.

Пробацияның идеясы «түрме халқының» санын азайту үшін бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындау немесе бас бостандығынан айыру орындарында болу мерзімін азайту. Дегенмен мұндай мүмкіндік егер, сотталған тұлға өзіне жүктелген жазаның бар сынағынан сүрінбей өтіп, оның барлық шартын мүлтіксіз орындаған жағдайда ғана деген шартпен беріледі. Бұл сынақтардың мағынасы сотталғандарға сотпен жүктелген міндеттер арқылы көрініс табады. Оларға: жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеу және одан жария түрде кешірім сұрау, әлеуметтік-маңызды объектілерде тегін қоғамдық жұмыстар орындау, медициналық емдеуден өту, алкогольдік ішімдіктер қолданбау, белгілі бір лауазыммен не қызметпен айналыспау не болмаса керісінше, қандай да бір пайдалы қызметпен айналысу, оқудан өту, белгілі бір орындарға немесе мекемелерге бармау, тұрақты тұрғылықты мекенжайы бойынша тұру және айқындалған уақыттан кейін (көбінесе сағат 22:00 ден соң) тұрғылықты жерінен кетпеу, пробация

қызметіне уақытылы тіркеуге келу және пробация инспекторының шақыртуы бойынша келу міндеттемелері және т.б. жатады.

Жоғарыда аталған қызметті жүзеге асыратын субъект – пробация қызметі болып табылады. Осы қызметті жүзеге асыру барысында кездесетін көптеген проблема бар. Зерттеу тақырыбының өзектілігі – проблемаларды атап көрсету және оны шешу жолдарын ұсыну болып табылады.

Шешілетін ғылыми проблеманың немесе практикалық міндеттің қазіргі жағдайын бағалау. Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта пробация қызметі есебінен өтетін сотталғандар саны жылдан жылға артуда. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Республика бойынша пробация есебінен 2018 жылы – 64 000, 2019 жылы – 66 774, 2020 жылы – 66343, 2021 жылы - 67295 сотталған өткен. Ал, бас бостандығынан айыру орындарында әр жылдың басында, яғни, 2018 жылы – 35 534, 2019 жылы – 31 001, 2020 жылы – 28 923, 2021 жылы – 30583 сотталған ұсталған. Бұл көрсеткіштерден байқағанымыз, пробация есебінен өтетін сотталғандар санының жыл сайын көбейгенін, ал түзеу мекемелерінде ұсталатын сотталғандар санының азайып келе жатқанын көруге болады. Берілген мәліметтердің көз қуантарлығы сөзсіз. Мемлекет үшін түрме халқы санының азаюы жақсы көрсеткіш екені анық. Пробация институтының дамуы – сотталған адамдарды қоғамға, әлеуметтік ортаға жылдам, жақсы қарқынмен бейімделуімен есептелінеді. Дегенмен, пробация қызметін жүзеге асыру барысында кездесетін біраз проблемалар да жоқ емес. Оған осы ғылыми зерттеу диссертациясында қозғалған проблемалар қарастырылатыны дәлел.

Зерттеу мақсаты, міндеттері, объектісі мен тақырыбы.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстан Республикасында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталған адамдарға пробациялық бақылауды жүзеге асыруда кездесетін проблемаларды зерттеу, пробациялық бақылауды жүзеге асыруға байланысты туындайтын сұрақтарға қатысты

нормативтік-құқықтық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі **міндеттерді** орындау көзделеді:

–Бас бостандығын шектеу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандарға пробациялық бақылауды жүзеге асырудағы проблемаларын анықтау;

– Түзеу жұмыстары және айыппұл түріндегі жазаларын орындау ерекшелігін анықтау;

–Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталған адамдарға пробациялық бақылауды жүзеге асыру сұрақтары бойынша заңнаманы жетілдіру үшін ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу объектісі қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындау кезінде сотталған адамдарға пробациялық бақылауды жүзеге асыруда және олардың тәртібін қадағалау кезінде пробация институтын реттеу саласында туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару құқықтары нормаларының жиынтығы, белгілеу және жүзеге асыру үрдісінде туындайтын проблемалар, пробация қызметінде қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға пробациялық бақылауды жүзеге асыру қызметі құрайды.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Диалектикалық-материалистік тану әдістері, сондай-ақ жалпы ғылыми және салыстырмалы-құқықтық, ресми-қисынды, тарихи, жүйелі, статистикалық, құжаттарды талдау және жеке ғылыми әдістері әдістемелік негіз болды. Отандық Д.Т. Амуртаева, И.Ч. Борчашвили, А.Е. Мизанбаев, А.Б. Молдашева, Е.А. Саламатов, Б.К. Шнарбаев және т.б. ғалымдар еңбектерін пробация институтына арнаған. Магистрлік зерттеуде зор нормативтік-құқықтық материал, сот тәжірибесінің материалы, сондай-ақ пробация институтына және

қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларға арналған зерттеу жұмыстары қарастырылды және оған талдау жасалды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Магистрлік диссертацияда ҚР пробация қызметі институтының қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталған тұлғаларға пробациялық бақылауды жүзеге асыруда кездесетін проблемаларды шешу үшін әрекет етуші қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасына пробация қызметіне қатысты заң баптарына өзгерістер мен толықтыруларды ұсыну жұмысы болып табылады.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1) Өздеріне қатысты жазаның өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылған сотталғандар тиісті қорытынды жасамай қайта құқық бұзушылық жасауына байланысты ҚР ҚК 73 бабының 2 бөлігіне жазаның неғұрлым жеңіл түрі қолданылмайтын адамдар санатын қосуды ұсынамыз, сондықтан ҚР ҚК 73 бабының 2 бөлігі мынадай мазмұнмен толықтырылсын және мынадай редакцияда жазылсын:

«...сонымен қатар, бұрын бас бостандығынан айыру орындарынан жазаның неғұрлым жеңіл түрі қолданылып босатылған сотталғандар жаза өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзып, қайталама қылмыс немесе тәртіптік теріс қылық жасап бас бостандығынан айыру орындарына түскен жағдайда оларға екінші рет жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру қолданылмайды»

2) Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаны орындауда олар жаза өтеу тәртібін бұзған жағдайда пробация тарапынан ықпал ету тетігінің жоқтығына байланысты, ҚР ҚАК-нің 74 бабының 3 бөлігі мынадай мазмұнмен толықтырылсын және мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылған сотталған жаза өтеу барысында өзіне

сотпен жүктелген тыйымды орындамайтын болса және бұл факт анықталған жағдайда, сотталғанға қатысты пробация қызметі белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазасының өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ескерту жариялайды. Жаза өтеу шарттарын қаскөйлікпен бұзған сотталғанға қатысты пробация қызметі сотқа жазасын ауыстыру туралы ұсыным жолдайды».

3) Түзеу жұмыстары түріндегі жазасының қолданылуының азаюына байланысты (2010 жылы – 0,10%, 2021 жылы – 0,03%, жалпы пробация қызметінің есебінен 67295 адам өткен, оның ішінде түзеу жұмыстарына – 20 адам) және бүгінгі күннің талаптарына сәйкес келмейтіндігі себебінен әрекет етуші ҚК және ҚАК жаза түрі ретінде тағайындаудан алып тастауды ұсынамыз. Олардың қатарына ҚР ҚК 42 бабы, ҚР ҚАК-нің 11-тарауы, 52,53,54,55,56 баптары жатады. Аталған жаза түрі сипаты бойынша айыппұл түріндегі жазамен ұқсас болып келеді. Сондықтан баламалы түрде айыппұл түріндегі жазаны тағайындау ұсынылады. Себебі бұл екі жазаның да түпкі нәтижесі – ақшалай өндіріп алу.

Апробация және нәтижелерін енгізу.

Магистрлік диссертацияның зерттеу ережелері автормен жарыққа шыққан төмендегі ғылыми мақалаларда көрініс тапқан:

-ҚР Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының журналында ғылым қызметкерлері күніне арналған «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Қылмыстық заңнама бойынша бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындаудағы кейбір мәселелер» атты мақала. (Нұр-Сұлтан, 2021 жыл)

- «Ел-назар» республикалық педагогикалық журналында «Қылмыстық атқару жүйесіндегі пробация қызметінің қоғамға әсері» тақырыбындағы мақала. (Нұр-Сұлтан, 2021 жыл қараша.)

- «Тұңғыш Президент – Елбасы кітапханасы» ұйымдастырған «Қазақстан жаһандық әлемде: ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдары» атты ашық республикалық ғылыми мақалалар конкурсында «Пробация қызметінің міндеті – сотталғандарды қоғамға қайта бейімдеу» атты мақала жарыққа шықты. (Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы (elbasylibrary.gov.kz) сайтында 2021 ж.)

- ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы ұйымдастырған «Нельсон Мандела ережелері: қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерін даярлау және ғылыми пайымдау мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясының жинағында «Пробациялық бақылаудағы сотталғанның жаза мерзімін есептеу сұрақтары» тақырыбындағы мақала жарыққа шықты. (Қостанай қ., 2021 жыл қараша).

1 ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ПРОБАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

1.1 Жазаларды орындау жүйесіндегі пробацияның түсінігі және оның мәні

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі салыстырмалы түрде құрылғанына және дамуында қысқа ғана уақыт өтті. Егемендікке қол жеткізгеннен бастап дербес мемлекет ретінде нормативтік құқықтық базаны дайындау бойынша қарқынды жұмыстар атқарылып келеді.

Шет елдердегідей, Қазақстан Республикасында да қылмыстық құқық құқықтың «жазалаушы» саласына жатады. Бұл Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының ҚК-нің 2-бабында көрсетілген міндеттерге байланысты. Бұл бапта қылмыстық заңнаманың міндеттерінің бірі ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу деп айтылған[3].

Қылмыстық заңнаманың негізгі міндеттерін жүзеге асыру үшін қылмыстық заңда жазаға, сондай-ақ қылмыстық құқықтық ықпал етудің өзге де шараларына орын беріледі. Қылмыстық заңда қылмыстық заңнама міндеттерін жүзеге асыру үшін қылмыстық заң «қылмыстық жауаптылықтың» негіздерін белгілейді. Адам, қоғам немесе мемлекеттер үшін қандай іс-әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыстық теріс қылықтар екенін анықтайды және оларды жасағаны үшін қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын немесе жазасын белгілейді.

Осы ретте біз И.Ш.Борчашвилидің ұстанымымен келісеміз. Себебі ол өз ұстанымында: «Қазақстан Республикасының қылмыстық саясаты, бір жағынан, мыналарға бағытталуы тиіс: ең қауіпті қылмыстарға қарсы дәйекті күрес, ауыр қылмыс жасаған адамдарға ұйымдасқан қылмыстық топтардың, қылмыстық ұйымдардың әсіресе менеджерлер мен белсенді қатысушыларға есірткі бизнесімен, экономикалық және рецидивтік қылмыс жасағандарға және т. б.

мемлекеттік мәжбүрлеудің жоғары түрлерін қолдану қажет; екінші жағынан, біздің мемлекетіміздің қылмыстық саясатының мақсаты қоғамдық қауіптіліктің үлкен дәрежесімен байланысты емес және адамдарға бірінші рет жауаптылық қолдану, ауыр емес қылмыстар жасаған, қоғамнан оқшаулаумен, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан босатумен байланысты кінәсін мойындап өз еркімен келген адамдар, егер олар келтірілген зиян қалпына келтірілген болса, аталған қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық аясын тарылту қажет» деп көрсеткен [4, 26-27 беттер]. Ғалымның пікірімен келісудің де жөні бар. Өйткені қылмыстық жазалаушы саясаттан адамды қоғамға қайта бейімдеуге, қылмыс жасаған адамның түзелуіне мүмкіндік беру өте әділ және нәтижелі болып табылады.

ҚК-нің 39-бабының 2-бөлігіне сәйкес «жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында қолданылады, сондай-ақ сотталған адамның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу үшін сотталғандарға, сондай-ақ басқа да адамдарға қолданылады. Жазаның мақсаты физикалық азап келтіру немесе адамның қадір-қасиетін қорлау болып табылмайды», делінген [3]. Бұл аталған ереже жазаның бар мақсатын анық ашып көрсетіп отыр. Яғни, жаза шалыс басқан адамды жөнге салу үшін және алдағы уақытта қайта қылмыс жасамауы үшін қолданылады.

Қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шаралары құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты жауапкершілік олардың ҚК-нің ерекше бөлігінің баптарында көзделген жаңа қылмыстық іс-әрекеттерді жасауының алдын алуға бағытталған және оларды түзету жолымен қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға жан-жақты көмек көрсете отырып, олардың мінез-құлқын түзету мақсатында мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын жұмыс.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың маңызды құралдарының қатарына пробация институтын жатқызуға болады, ол көбінесе бас бостандығынан айыру жазасына балама жаза ретінде қолданылады. Біз Қ.Ж. Балтабаевтың: «Бас бостандығынан айыруға балама жаза түрлері өзекті

проблема болып табылады. Егер бұл проблеманы уақтылы шешпесек, онда «түрме халқы» санын қысқарту бойынша Қазақстанның жетістіктері уақытша болуы мүмкін» деген пікірмен де келісеміз [5, 42 б].

Біріншіден, пробация институты жазамен тығыз байланысты, себебі пробациялық сипаттағы шаралар негізінен сотпен жаза тағайындалған адамдарға қолданылады.

Екіншіден, пробациялық бақылау жазасын өтеп жатқан немесе өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған. Тұтастай алғанда, бұл шаралар қылмыстық заңнаманың гуманизм принципін көрсетеді. Себебі пробациялық бақылау қолданылатын адамға сот тағайындаған жазаны өтеуден босатуға (толық немесе ішінара) мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық саясатындағы баламалы шаралар рөлінің өсуінің айқын көрінісі ретінде Орталық Азия мемлекеттерінің арасында алғаш рет тұжырымдамалық және заңнамалық ресімдеуді алатын ұлттық пробация жүйесінің пайда болуы мен дамуы болды. Осылайша, баламалы шараларды бас бостандығынан айырусыз жазаларды пробациямен және онда көзделген қылмыстан кейінгі бақылау режимімен жүйелі байланыста қарау керек.

Қазіргі уақытта құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметінде бұл институт жиі қолданылады. Мұны келесі статистикалық мәліметтер дәлелдейді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы пробация қызметінің есебінен 2021 жылғы мәлімет бойынша өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды есепке алу бойынша есептен 67295 адам өтті (2018 жылы 64000 адам, 2019 жылы 66774 адам, 2020 жылы 66343 адам өткен).

Қазақстандық құқық жүйесінде «пробация» ұғымы жаңа ұғым болып табылады. Дегенмен, қазіргі заманғы «пробация» ұғымымен байланысты қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар Қазақстан Республикасы бұрыннан бері қолданылған. Әр түрлі тарихи дәуірлерде орын алған қылмыстық әрекеттерді жасаған адамдарға әсер етудің әртүрлі формалары, әсер ету

жолымен қабілетті шаралардың тұтас кешенін қылмыскерді түзету және оны қайта тәрбиелеу, осылайша ескерту олардың жаңа қылмыс жасауының алдын алу үшін жүзеге асырылған. Бұл туралы әділ сөз «этнографиялық деректер кез-келген қоғам қақтығыстарды бейбіт жолмен және қысым жасау тәсілдері арқылы да реттеуге жүгінеді, және бұл әдістерді қолдану бірдей емес» деп көрсетілген [6, с.127].

XVII ғасырдың соңы XVIII ғғ. басындағы «Қазақтардың әдеттегі құқығының бірегей құқықтық құжатында «Жеті Жарғы» («Жеті қағида»), [7, с.24]Қазақстан Ресей құрамына кіргеннен кейін де әрекет етті[8, с.315], «мемлекеттік мәселелер көрініс тапты, қылмыстық, азаматтық, отбасылық, іс жүргізу құқығы. Сонымен қатар, оған шарифаттың кейбір нормалары енгізілді, атап айтқанда, Құдайға тіл тигізу және исламнан христиан дініне өту үшін жазалар» қарастырылған[9, с.366].Қазақ халқының аңыздарына сәйкес «Жеті Жарғыны» жасаушы, Тәуке хан деп есептеледі. Осыған байланысты ғылыми әдебиетте бұл құжат кейде «Тәуке ханның кодексі» немесе «Тәуке ханның заңдары» деп аталады [8, с.334]. Осы тарихи кезеңде қазақ құқығының ережелерін бөліп көрсетуге болады. Оның ішінен ізгілікке ден қою шараларын қолдануды сипаттайтын кездерді байқауға болады. Бұл санат бойынша қылмыстық әрекетті жасаған адамдардың белгілі бір тізбесі болған. Аталған тарихи дәуірде әйелдердің іс жүзінде құқықтары жоқ болғандығы бесенеден белгілі. Бұл жағдайда, соған қарамастан, «Тәуке хан сарайында» әйелдерге қатысты ерекше мәселелер жауапкершілік шарттары қарастырылған. Мұндай ерекшеліктер тек қана жүкті әйелдер үшін қолданылған. Жүкті әйелдер тіпті ең ауыр қылмыс – күйеуін өлтірсе де жазалана алмайтын. Осы Заңға нақты дәлел ретінде белгілі зерттеуші А. Левшин жүкті әйелдерге қатысты «Тәуке ханның кодексі» еңбегінде мысал келтірген: «Егер әйелі күйеуін өлтірсе, онда ол міндетті түрде өлім жазасына кесіледі. Туыстары оны кешірмесе, оны ешкім құтқара алмайды. Бірі бұл ережелер күйеулерін өлтіргені үшін қолданылмайды.

Жүкті әйелдер жазадан босатылады, бірақ мәңгі жеккөрінішті болып, абыройсыз болады» деген жазбасынан байқауымызға болады[7, с. 170].

Яғни, әйелдерге қатысты қылмыстық істерді қарау кезінде, жүктілік жағдайында қылмыс жасағандар ерекше гуманизм шаралары болды. Олар іс жүзінде жазадан босатылды және сол кезде гуманизм қағидатының болуын растайды. Бұл деректер қазіргі уақыттағы қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың бастауы болғандығын дәлелдейді. Қолданыстағы қылмыстық заңнама бойынша жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге жазаны өтеуін кейінге қалдыру қарастырылған. Жүкті әйелдер, жас баласы бар әйелдер қылмыс жасаған жағдайда, оларға сот жазаны өтеуін кейінге қалдыруды тағайындауы мүмкін. Жүкті әйелдерге бір жылға ал, жас балалары бар әйелдер мен жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге жазаны өтеуді бес жылға кейінге қалдыруы мүмкін.

Жалпы, Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару жүйесі 2010 жылдан бастап маңызды реформалауға ұшырады. Осы реформалаудың бір тармағы болып онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасаған тұлғаларға әсер етудің ерекше формасы ретінде пробация институтын ендіру болып табылған. ҚР «Пробация туралы» Заңының 1 бабының 1 бөлігіне сәйкес, «Пробация дегеніміз – заңмен санаттары айқындалған адамдардың мінез-құлқын түзетуге және олардың жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу үшін олардың тәртібіне бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жекеше айқындалатын шаралар жүйесі» делінген[2].

Көптеген зерттеуші пробация институтында маңызды әлеуметтік мағынасы ретінде оның пенитенциарлық және сотқа дейінгі кезеңдерге бөлінгенін санады. Қазақстанда пробация қызметі құрылуына дейінгі бес жыл бұрын з.ғ.д. А.Ш. Ещанов пробация институтын бас бостандығынан айыру түріндегі жаза дағдарысына, бұл сонымен қатар әлемде болған мәселеге қарсы құрал екенін айтқан. Автор «пробациялық әсер қылмыстық жауаптылықтың алғашқы кезеңдерінен бастау алу керек» деп айтқан. Қазақстан – Ресей

авторларының жазалар жүйесінде жазаның балама түрлерінің тиімділігін арттыру сұрақтары бойынша ғылыми-зерттеу шығарылым түсіндірмелерінде «әлеуметтік зерттеу баяндамаларының қорытындыларын ескере отырып, пробация технологиясын ендіру орынды» деп көрсеткен.

Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыспен күресте Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару саясаты құқық бұзушылық жасаған сотталғандарға қоғамнан оқшауламайтын жаза түрлерін бекітуден тұрады. Бұл өз кезегінде жаза басқан адамдарға берілетін мүмкіндік ретінде саналады.

Қылмыстың алдын алудың әдіснамалық жүйесінде әлеуметтік-құқықтық болып табылатын пробацияға маңызды орын беріледі. Өз кезегінде пробация құқық бұзушының мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды синтездеуді көздейді, сотталғанға қатысты жүзеге асырылатын сынақ және тәрбиелік ықпал етуді қамтиды.

ҚР-да пробация қылмыстық жауаптылық ретінде нақты жазаны шартты түрде соттауға, жазаны өтеуді кейінге қалдыруда, бас бостандығын шектеу түріндегі жаза жалпылама айтқанда құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жазасын қоғамнан оқшауланбай өтеуі болып табылады. Сәйкесінше пробациялық бақылаудағы тұлғалардың мінез-құлқына бақылау орнатылады.

Қазақстандағы қылмыстық-атқару саясаты реформасы келесі негізгі мақсаттарға жетуге бағытталған: қылмыстықтың алдын алу, сотталғандарды түзеу және оларды әлеуметтік бейімдеу.

Пробация қызметі сотталғандарға бақылауды жүзеге асырады. Оларға сотпен арнайы белгіленген сынақ мерзімінде заңдық міндеттемелер жүктеледі. Аталған сынақ мерзімі сотпен белгіленеді. Пробация қызметінің міндетіне әр сотталғанға қатысты пробациялық бақылау жүргізу кезеңінде олардың жаңа қылмыс жасауының алдын алу үшін әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар қолдану кіреді. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза сотталғанға жаңа қылмыс жасамау туралы міндеттемесінен басқа сот үкімімен белгіленген тиісті мінез-құлық шарттары міндеттеледі, оларға: оқу курсынан немесе емделу

курсынан өту, пробация қызметін хабарламай тұрғылықты мекенжайын өзгертпеу, тізбесі айқындалған белгілі бір жерлерге бармау міндеттемесі және т.б.

Қазақстан Республикасының жеке-дара пробация туралы заңының дайындалу кезеңінде заңшығарушы «пробация» түсінігіне шартты түрде соттау формасынан қарағанда анағұрлым кең мағына берген және оны төрт мүмкін болатын түрге бөлген:

1) сотқа дейінгі пробация, айыпталушыға, күдіктіге олардың мінез-құлқын түзетуге бағытталған әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету шаралар кешені. Сотқа дейінгі пробация мүгедектерге қатысты, кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге немесе үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, 58 жастан асқан әйелдерге сонымен қатар, 63 жастан асқан ерлерге не болмаса жалғыз өздері жасөспірім баланы тәрбиелеп отырған ерлерге қатысты қолданылады. Бұл жағдайларда пробация ерікті болып табылады.

2) үкімдік пробация – бұл бас бостандығынан шектеу жазасына немесе шартты түрде сотталғандарға қатысты пробациялық бақылауды орнату және жүзеге асыру сонымен бірге оларға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету шаралар кешенінен тұратын пробация түрі. Бұл пробация пробациялық бақылау түрінде жүзеге асырылады және шартты түрде сотталғандар мен бас бостандығынан шектеу жазасына сотталғандарға қатысты қолданылады.

3) пенитенциарлық пробация – қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде ББА түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталғандарға қатысты қолданылатын оларды бейімдеуге бағытталған шаралар кешенін білдіреді. Пенитенциарлық пробация қылмыстық құқық бұзушылық жасап, сол үшін сәйкесінше түзеу мекемесінде ББА жазасын өтеп жатқан сотталғандарға қатысты қолданылады.

4) пенитенциарлықтан кейінгі пробация. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған тұлғаларға қатысты бақылау орнату және оны жүзеге асыруға байланысты сонымен қатар, оларға әлеуметтік және басқа да көмек көрсету шаралар жиынтығы болып табылады.

Жалпы қорытындылай келе, әртүрлі елдерде пробация институтын қолдану тәжірибесінің тиімділігі болып, қылмыстылықты азайту, қайталама қылмысты болдырмау, жеке тұлғаның алдағы уақыттағы қылмыстылығын шектейтіндігі жатқызылады. Жазаларды орындау жүйесіндегі пробацияның мәні бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Оның бірден бір себебі, соттардың жазаның балама түрін, яғни қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаны кеңінен қолдануы дәлел. Пробациялық бақылауда болатын сотталғандар қоғамға бейімделіп, әлеуметтік пайдалы қарым-қатынастардан қол үзбей жазасын өтеуге мүмкіндікке ие болады. Осы арқылы алдағы уақытта қылмыс жасаған адам қылмысын қайталамай, әлеуметтік ортаға жылдам бейімделеді.

1.2 Қазақстан Республикасындағы пробация қызметінің даму кезеңдері және ерекшелігі

1990 жылғы 14 желтоқсандағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен қабылданған БҰҰ-ның бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға қолданылатын шараларға қатысты стандартты минималды ережелерінде (Токио ережелері) «бас бостандығынан айыру жазасына балама түрдегі жазалар құқық бұзушыға деген қоғамдағы қатынаста құқық бұзушының мүддесі үшін де, қоғамның мүддесі үшін де тиімді құрал болуы мүмкін» деп көрсетілген. Құқық бұзушыларды әлеуметке қайта қосудың бағдарлары 1992 жылы қабылданған Еуропа Кеңесімен, Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитетінің Ұсынымымен қабылданған қоғамдық санкциялар мен жазалау шараларын қолдану туралы (92)16 еуропалық ережелер Ұсынымында айқындалған[10].

2010-2020 жылдарға арналған ҚР-ның құқықтық саясат тұжырымдамасының 2.10 тармағында «соттармен бас бостандығынан айыру жазасына балама жазаларды белсенді түрде қолдану үшін бұл жазалардың тиімді орындалуын жоғарылатуға ұмтылу қажет және оған қол жеткізу үшін

аталған шараларды атқаруға жауапты тиісті мамандандырылған органның институционалдық дамуы қажет етіледі» делінген.

2007-2015 жылдарға арналған ҚР қылмыстық-атқару саясатын жетілдіру Концепциясының негізгі бағыттарында және механизмінде жоғарыда аталған мәтінде елдің қылмыстық-атқару саясатының ары қарай жетілдірілуі адамның құқықтары еркіндігі қағидаларына басымдылық беріле отырып Қазақстан Республикасымен таңдалған бағытта демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құруды қамтамасыз етуі тиіс, және аталған шаралар мемлекет мен қоғам мүдделерімен үйлесімді болуы керек. Қылмыстық жазаның мақсатына жетуге қылмыстық-атқару саясатын жүзеге асырудағы екі негізгі элементтің дамуы арқылы қол жеткізуге болады, нақтырақ айтқанда оларға: қылмыстық жазалардың жүйесі және оларды өтеу шарттары; уәкілетті мемлекеттік органның оның ішінде, пробация институтын қалыптастыру жолымен жетеді.

ҚР Үкіметінің 2014 жылы 01 сәуірдегі №292 қаулысымен бекітілген ҚР құқық қорғау органдарын әрі қарай жаңғырту бойынша 2014-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспары пробация институты нақты көрсетілген нысан, құрал түрінде белгіленген жоғарыда аталған Тұжырымдамаларды іске асырудағы маңызды құжаттардың бірі. Бұл қаулының 2.1. бөлімінде «құқық қорғау жүйесінің ұйымдық-құқықтық негізінің тиімділігін арттыруда» келесідей міндеттер белгіленген: құқық қорғау қызметінің құқықтық негізін жетілдіру; нақты бір тапсырманы орындау тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған құқық қорғау органдары қызметін оңтайландыру; ювеналды әділет жүйесін жетілдіру; пенитенциарлық сипаттағы тиімді шараларды қамтамасыз ету, соның ішінде құқық қорғау органдарымен қоғамның қатынасы кезінде де тиімді шаралармен қамтамасыздандыру жатады.

Қазақстан қоғамында пробация институты маңызды әлеуметтік-саяси сипатқа ие болып келеді. Елбасы бес институционалды реформаны жүзеге

асырудағы 100 нақты қадамды айқындап, оның 33 қадамында «бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан және пробация қызметі есебінде тұратын азаматтарды әлеуметтік қайта бейімдеудің тиімді жүйесін қалыптастыру. Сондай азаматтарға әлеуметтік оңалту мен арнайы әлеуметтік қызметтер стандартының кешенді стратегиясын әзірлеу», деп нақты көрсетілген[11].

ББА жазасына балама жаза түрін енгізу бағытының шарасы өте уақытылы және маңызды болып табылды, осы жерге пробация институты бойынша сарапшылардың көзқарастарымен келісу қажет. Расында, отандық қылмыстық-құқықтық саясаттағы бұл жаңа құбылыс және оған деген қатынас әртүрлі болды. Біреулері оны жазаның бөлек, жеке-дара түрі түрі деп санайды, оған да өзінің түсініктемесі бар. Өзінің жүз жылдық даму тарихында пробация институты шартты түрде соттаудың бастапқы нысанының әртүрлілігінен жазаның дербес түріне дейінгі кезеңде және қазіргі заманғы түрме жазасына балама жаза түрі болған уақыт аралығында елеулі өзгерістерге ұшыраған.

Басқалары оны сот шешімі шығарылған уақытқа дейін де қолдануға мүмкіндік беретін институт деп түсінеді (яғни, үкімді шығармай, сотқа дейінгі сот талқылауы сатысында да және сот талқылауы сатысында да, осы арқылы сотпен сот үкімін жариялауды кейінге қалдырады) және сот шешімі бойынша (сот үкімін орындауды белгілі бір мерзімге кейінге қалдырады).

Үшінші біреулері пробация институтының аясына жазаның балама түрлерінің барлығын біріктіреді, осы жерге медиация немесе қалпына келтіру сот төрелігі (татуласу) институтын да қосады. Кейбіреулері пробацияның функцияларын жеткілікті кең мағынада түсінеді. Оған күдіктіні ұстау сәтінен бастап оны постпенитенциарлық қайта әлеуметтендіруге дейін, сонымен қатар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларға да қатысты құқықтық қатынастар орбитасын қамтыған.

Басқалары пробацияны жазаның дербес түрі ретінде қабылдап, тар мағынадағы функцияларды анықтайды. Яғни, нақты бір елдің заң шығарушы

органына байланысты пробация институтының тек бірінші немесе екінші нұсқасын таңдау ғана қалады. Оны таңдаған уақытта өз жеке түсінігіне, мақсаттылығына, оның барынша мүмкін тиімділігіне негізделіп таңдау қажет болады.

Пробация институтының мүмкіндіктері әлемдік қауымдастықта кеңінен қолданылады және қойылған мақсаттарға жету үшін төмендегі өкілеттіктер беріледі:

- сотқа айыпталушының жеке басына қатысты оның моральдық-адамгершілік аспектілері, құқықбұзушының жақын туыстарына қатысты сондай мәліметтер қоса ұсынылып, жазаның неғұрлым тиімді түрін таңдау туралы ұсынып шығарып сотқа дейінгі баяндаманы (баяндама, есеп) беру;

- бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан тұлғаларға көмек көрсету бойынша;

- бақылаудағы тұлғалардың әлеуметтік мінез-құлқын түзету бағдарламаларын жүзеге асыру;

- құқық бұзушы мен жәбірленуші арасындағы татуласу процесін ұйымдастыру;

- қылмыстық жауаптылықтан шартты түрде босатылғандарға, шартты түрде сотталған тұлғаларға қажетті көмекті көрсете отырып бақылауды жүзеге асыру;

- сотқа бақылауда тұрған тұлғаға қатысты үкімнің орындалуына байланысты шолуды, сотталғанның тәртібі туралы ақпаратты қамтитын мерзімді мәліметтерді ұсыну;

- тәрбие шаралары қолданылған кәмелетке толмағандарға қатысты бақылауды жүзеге асыру.

Жалпы, Қазақстанның құқықтық жүйесінде «пробация» түсінігі салыстырмалы түрде жаңа түсінік болып енген. Дегенмен, қазіргі заманғы «пробация» ұғымымен тығыз байланысты қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар Қазақстан Республикасының аумағында ертеден қолданылған. Әртүрлі

тарихи кезеңдерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға ықпал етудің алуан түрлі нысандары қолданылған. Бұл шаралар кешені қылмыс жасаған адамға ықпал ету арқылы оны түзеуге және тәрбиелеуге, сол арқылы оның жаңа қылмыс жасауының алдын алуға бағытталған. «Этнографиялық мәліметтер кез-келген қоғам қақтығыстарды шешудің бейбіт және сондай-ақ зорлық-зомбылық қолдану арқылы тәсілдеріне жүгінсе де, аталған әдістерді қолдану барлық жағдайда бірдей емес» деген сөзі рас.

Қазақтардың құқығының XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басындағы «Жеті Жарғы» деген бірегей құқықтық құжатында Қазақстан Ресей құрамына кірмей тұрған уақытта мемлекеттік, қылмыстық, азаматтық, отбасылық, іс жүргізу құқығының сұрақтары көрініс тапқан. Сонымен қатар, бұл құжатқа шарифаттың кейбір нормалары енген, атап айтқанда, құдайға сенбеушілік және ислам дінінен христиан дініне өткен үшін айқындалатын жаза түрлері қарастырылған.

Қазақ халқы «Жеті Жарғының» авторы Тәуке хан деп санаған. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде бұл құжатты «Тәуке ханның заңдары» деп те атайды. Қазақ құқығының бұл тарихи кезеңінде қылмыстық әрекет жасаған адамның санатына қарап, ықпал етудің ізгі шараларын қолдануды сипаттайтын ережелерді бөліп қарауға болады.

Жоғарыдан байқағанымыздай, жүкті кезінде қылмыс жасаған әйелдерге қатысты қылмыстық істі қарау барысында ізгіліктің ерекше түрлері болған. Бұл дегеніміз, әйелдерді іс жүзінде өлім жазасы түріндегі жазадан босатқан. Берілген мәліметтер қылмыстық құқық бұзушылыққа ден қою кезінде ізгілік қағидасының болғанын растайды.

Басқа тарихи дереккөздерде қазақтардың әдеттегі құқығында ізгілік сипатындағы шаралар тек қана қылмыс жасаған жүкті әйелдерге қатысты емес, сонымен қатар ауыр аурумен ауыратындарға да қатысты қолданылған. Қазақтың әдеттегі құқығын зерттеушілердің бірі Д*Андре 1846 жылы Ордадағы қырғыз әдет-ғұрыптарының заңдық күші бар сипаттамасында «қырғыз-қайсақ

арасындағы сот ісін жүргізу туралы» (§17 «жалпы қылмыстар мен жазалау шаралары туралы») бұл «жазадан жүкті әйелдер босатылады (жаза олар бойынша кейінге қалдырылады сондай-ақ ауыр науқастанған қылмыскерлер үшін де», деп жазылған[12, с. 169-170].

Жоғарыда айтылғанның негізінде, біздің пайымдауымызша, қазақтың қарапайым құқығында жүкті әйелдерге (жазаны өтеуді кейінге қалдыру), ауыр дертпен науқастанған адамдарға (олар сауыққанға дейін) қатысты жазаның балама түрін қолдану туралы ережелер болған.

Қазақ хандығының аумағы Ресей империясының құрамына кіруі бүкілресейлік құқық нормаларының қазақ қоғамына енуіне әкеліп соқты. Соның салдарынан дәстүрлі қазақ құқығымен жаңа қылмыстық-құқықтық институт қалыптасқан.

Ш. Уәлиханов қазақтың қарапайым құқығы туралы былай деп жазған: «...қырғыз (қазақтардың) әдеттегі құқығы біз жүгінуді жақсы көретін 17 төменгі жоғары дамудың дәл соған ұқсас адамгершілік тұстары мысалы мұсылман, қытай, орыс заңдарына қарағанда көбірек. Қырғыз (қазақ) заңдарында еуропаның жаңа кодекстеріндегідей толып тұрған қорқынышты және ескерту шаралары жоқ. Қырғыздарда дене жазалары ешқашан болмаған. Ал әулет заңдары, яғни әулет мүшелері өз әулеттерінен шыққан туысы үшін жауап беретін заңдар іс жүзінде көп пайда әкеледі», делінген[13, с.94].

Ресей империясының заңнамасы Қазақстан аумағында (XIX ғасырдың 20-жылдары) 1822 жылы сібір қырғыздары туралы Жарғыны қабылдаумен белсенді түрде енгізіле бастады. Осы кезеңде қазақ қоғамының құқықтық жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізілді, оның ішінде азаматтық және қылмыстық құқық бұзушылықтар бір-бірінен ажыратылды.

Ресейдің қылмыстық құқығы батыс еуропалық қылмыстық заңына ұқсас революцияға дейінгі қалыптасу кезеңінен өтті. Қалыптасу батыс еуропалық ағартушылар мен философтардың, сондай-ақ орыс революционер-

демократтардың тікелей әсер етуімен өтті. Бұл процеске қылмыстық құқық теориясының классикалық бағытының өкілдері ықпал етті [14].

Аталған тарихи дәуірдегі бірқатар шет елдердің қылмыстық-құқықтық ғылымында пробация туралы нормалардың қалыптасу тарихы отандық және шет елдік заңнамада осы құқықтық институт кең қолданыста болғанын растайды. Кейбір шет елдердің қылмыстық құқығы мысалы, Англия, Америка Құрама Штаттары пробация институтын ғасырлар қарастырған.

Көптеген шетел мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасына сәйкес жалпы, пробация бірінші кезекте құқық бұзушыларды қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазасын өтеп жатқан сотталғандар тарапынан болатын теріс ықпал етуден «қорғауға» бағытталғанын атап өткен жөн.

Жалпы құқық пробацияның заңды негізі болып табылады. Пробация институтын енгізу үшін «жалпы құқықтың англиялық жүйесі» негіз болған. Бұл сол кездегі қоғамның жаңа талаптарына құқықты икемді бейімдеуге мүмкіндік берді [15, с. 30].

Құқықтың тарихи очерктері жекелеген елдердің, нақты айтқанда, Американың, Англияның сот органдары өз қызметінде ұзақ уақыт бойы қылмыскерді қоғамнан оқшаулауды көздейтін жазаларды негізсіз қолдануды болдырмау үшін әртүрлі формалар мен шараларды қолданған. Бұндай қылмыстық-құқықтық шараларға жазаны іс жүзінде өтеуге жатпайтын түріне шартты түрде соттауды және жазаны өтеуді кейінгі қалдыруды жатқызған.

Патшалық Ресей өзіне шартты түрде соттау, жазаны өтеуді кейінге қалдыру түріндегі тәжірибені өзіне қабылдаған. Аумағында құқықтың ағылшын-американдық жүйесі тараған мемлекеттерде шартты түрде мерзімінен бұрын босату тәжірибесін де қабылдаған.

Құқық тарихында XX ғасырдың басында патшалық Ресей ағылшын-американдық жүйесіне емес, Франко-бельгиялық жүйесіне негізделген шартты түрде соттау институтын енгізуге тырысқан. Сонымен, екіжылдық талқылаудан кейін III Мемлекеттік Дума 1909 жылы 2-желтоқсанда шартты түрде соттау

туралы заң жобасын қабылдаған. Алайда, 1910 жылы 7-сәуірде император жанындағы Мемлекеттік Кеңес оны қабылдаудан бас тартты. Берілген жобаға сәйкес, шартты түрде соттау жазаны орындауды кейінге қалдырудан тұрған, бұл ретте қылмыс жасалғаннан кейінгі сотталғанның мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру қарастырылмаған.

1910 жылы Халықаралық пенитенциарлық конгресс өтті. Бұл конгресс шартты түрде соттауды қолданудың тәжірибесін бағалап, өзінің қорытындысында ағылшын-американ жүйесін қолдайтынын айтқан [16, с. 17]. Және де осы кезде франко бельгиялық жүйесінен бас тартудың толық процесі болғанын атап өткен жөн. Нәтижесінде, үшінші «аралас» немесе «австриялық» шартты түрде соттау жүйесі пайда болды. (көптеген қылмыстық құқық ақпарат көздері бойынша).

Шартты түрде соттаудың «австриялық» жүйесі пробацияның сөзсіз негізін қалаушысы болып табылады. Шартты түрде соттаумен қатар міндетті түрде снық мерзімі тағайындалған (пробациялық бақылау мерзімінің ізашары) және сол кезеңде түзеу қадағалауы орын алған. Берілген модель кейінірек көптеген әлем елдерінде жаһандық дәрежеде таралды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі - ТМД) елдерінің аумағында кеңінен таралған қазіргі заманғы шартты түрде соттаудың және жазаны өтеуді кейінге қалдырудың негізі дәл осы жаза түрі болды деп айтуға болады.

1910 жылы патшалық Ресей аумағында кәмелетке толмаған адамдарға қатысты пробацияны енгізуге әрекет жасалды [17, с.41]. Қылмыс жасаған барлық кәмелетке толмағандарға «қамқоршылар» тағайындалған. Кәмелетке толмаған жасында қылмыс жасағандарға олардың әлеуметтік жағдайы ескеріле отырып, ақылы негізде немесе ақысыз негізде «қамқоршылар» ұсынылған.

Қылмыстық іс сотта қаралмас бұрын «қамқоршыға» жіберілген. Ол іс материалдарымен танысуға міндетті болған, назарға алынған мән-жайларға: кәмелетке толмағанның өмір сүру жағдайы, қылмыс жасауға себеп болған шарттар және басқалары жатқан. Бұдан әрі қамқоршы міндетті түрде істі

қарауға қатысқан, сотқа істі қарауды жеңілдететін және ең қолайлы шаралар таңдауға мүмкіндік беретін ақпараттарды ұсынған.

Жалпы ереже бойынша бастапқы іс жүргізу іс бойынша түпкілікті шешім қабылдаумен аяқталмаған, ал кәмелетке толмаған айыпталушы қамқоршыға 3 айдан 6 айға дейінгі мерзімге бақылауға берілген. Егер кәмелетке толмаған адам бақылауда болған уақытында теріс жағынан мінезделсе сот бақылау шарасын кәмелетке толмаған қылмыс жасағандарға арналған арнайы жатақханаға орналастырумен алмастырған. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін кәмелетке толмаған өзінің мінез-құлқының түзелгені туралы үміт білдіретін болса, онда әрі қарай сот қамқоршының қарауында бір жыл мерзімге дейін бақылауда болу түріне алмастырған.

Мұндай тәжірибе іс жүзінде кәмелетке толмаған адамға қатысты пробацияның бір түрі болып табылған. Жалпы алғанда, шартты түрде соттау түріндегі жазаны пробацияның бастауы ретінде енгізу әрекеттері сол уақыттағы Ресейде патша үкіметінің мақұлдауын алған жоқ.

Қазақстанның аумағындағы XIX ғасырдың аяғындағы реформаның нәтижесінде революцияға дейінгі Ресейде қалыптасқан құқықтық жүйе 1917 жылға дейін сақталған.

Кеңес дәуіріндегі қылмыстық заң басқа тарихи кезеңнің құқығын білдірген. Ол қоғамның экономикалық негізіне жататын мемлекеттік және қоғамдық меншік қаражатына өндіріс және шаруашылықтың социалистік жүйесінде қалыптасты [14, с. 17].

Бұрын патшалық Ресейдің қолдауына ие болмаған шартты соттау Ұлы Октябрь социалистік революциясының алғашқы күндері кеңестік сот органдарының тәжірибесінде өзінің негізін қалады.

Шартты түрде соттау кеңес өкіметінің алғашқы Декретінде қылмыстық жазалардың жүйесіндегі жеңіл жазалардың бір түрі ретінде қарастырылған. Декреттің 29-бабы бойынша «халық отырысының құқығына өз нанымы

бойынша заңда берілген жазаны азайтуға және айыпталушыны кез-келген жазадан шартты түрде босатуға дейін қолдануға болған»[18, с. 55].

Шартты түрде соттауды заң жүзінде реттеген бірінші құжат болып 1918 жылғы 7 наурызда БОАК қабылдаған N 2 Сот туралы Декрет табылды. Кеңес өкіметінің құрылуы жылдарында шартты түрде соттау тәжірибесін қолдануды қалыптастыруға айтарлықтай әсер еткен сот репрессиясының прогрессивті дамуы бөлігіндегі лениннің нұсқаулары болды. В.И. Ленин сол кезеңдегі партияның бағдарламалары жобаларында «мәжбүрлеу шараларынан тәрбиелік сипаттағы шараларға оның ішінде шартты түрде соттауға ерекше мән бере отырып біртіндеп көшуді» ұсынған[19, с.85].

Осыменен шартты түрде соттау институтының қалыптасу процесі тоқтатылған жоқ және шартты түрде соттаудың негізгі шарттары мен негіздері Әділет министрінің 1919 жылғы 12 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген қылмыстық құқық жөніндегі Басшы бастауларында бекітілді (26-б.. [20, с.38].

Қазіргі заманғы пробація институтының алдыңғы түрі ретінде қылмыстық құқықтың екінші институты жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтын қарастыруға болады.

КСРО қылмыстық заңнамасын дамыту үшін негіз болған «1919 жылғы қылмыстық құқық бойынша Басшылық бастамаларда» шартты түрде соттау туралы ереже болды, алайда, жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы нормалар қарастырылмаған.

Кеңестік қылмыстық құқықта үкімді орындауды кейінге қалдыру 1919 жығы 10 шілдедеді «Полк соттары туралы ережесімен» бекітілген[21]. Үкімді орындауды кейінге қалдыру (Ереженің 144-бабы) келесідей жағдайларда қолданылған: сотталған адамның жазасын өтеуіне кедергі келтіретін науқасы (сотталушы сауыққанға дейін қолданылған); ерекше жағдайларда немесе сотталғанның басына ерекше жағдайлар туындаған уақытта (төтенше жағдайлар, отбасылық, шаруашылық және т.б.).

Бұл норманың пайда болуы сол кезеңнің заңнамасында қылмыстық құқықтағы ізгілік қағидасы нормасының (жазаны іс жүзінде өтемей орындау мүмкіндігі) болғандығының дәлелі болып табылады.

Жазаны өтеуді кейінге қалдырудың кейбір түрлері сол заманның қылмыстық заңнамасында сотталғанның мүддесі үшін емес, мемлекеттің қажеттілігі үшін пайда болған. Мысалы, сотталған шаруаларға үкімнің орындалуын кейінге қалдыру (1923-1927 жж.) [22], немесе еңбек шаруаларына ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге көмек көрсету мақсатында, ал азаматтық соғыс аяқталысымен жазаны өтеуді кейінге қалдырудың пайда болуы Отанды қорғау қажеттілігінен туындаған.

Т.Ф. Минязева «Азаматтық соғыс салдарынан құлдыраған ауылшаруашылығын қалпына келтіру, соғыс жылдарында әскери жағдайдағы ұйым, көлік жұмыстарының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету, Отан қорғаушылар қатарын толықтыру өзінің әлеуметтік мазмұны бойынша – тарихи сыныптық міндеттер болып табылған. Демек, жазаны өтеуді кейінге қалдырудың жоғары әлеуметтік құндылығы саяси сыныптық құбылыс ретінде оның тарихи миссиясы болып бекітілген», деп жазған [23, с.157].

1922 жылғы РКФСР Қылмыстық заңы 1919 жылғы басшылық бастықтарының шартты түрде соттауға қатысты ережелерін алған. 1922 жылы Қылмыстық кодексті қабылдау шартты түрде соттау аралас қылмыстық-құқықтық институттар арасынан көрнекті орын алуымен белгіленді.

Сол кезеңнің заң шығарушысы шартты түрде соттауды жаза ретінде мойындай отырып оны «мүлікті тәркілеу мен күзетпен ұстаусыз мәжбүрлеу жұмыстары арасына орнастырған» [24, с.130].

Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды пробацияның алғышарты ретінде алатын болсақ, 1922 жылғы Қылмыстық кодекс ізгілік қағидасын жүзеге асыра отырып, әйел адамдарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастырғанын атап өткен жөн. Дәл осы факторлар қылмыстық заңнамада жазаны өтеуді кейінге қалдырудың жаңа

түрінің пайда болуының шарты болды, яғни, сотталғанның жүктілігіне байланысты босанғаннан кейін бір жыл уақыт өткенге дейін жазасын өтеуге уақытша кедергі болған. Аталған жаңалық ізгілік қағидасын мемлекеттің әйел-ана тағдырына деген қамқорлығын жүзеге асыру арқылы бекітті. Сонымен қатар кеңес өкіметі ана мен бала денсаулығын қорғау мен оларға қолайлы жағдай жасауға ұмтылғандығы туралы деректер расталады[25,с. 38; 35,с.153].

Яғни, 1924 жылдың Негізгі бастауларын қабылдағанға дейін шартты түрде соттау кеңестік қылмыстық заңнамада жаза ретінде танылған.

1924 жылдың Негізгі бастауларына сәйкес, үкім шығару барысында сотқа сотталғанға қатысты мәжбүрлі еңбек немесе бас бостандығынан айыру қолданылатын жағдайларда егерде сотталған сотпен белгіленген мерзім ішінде (берілген мерзім бір жылдан он жылға дейінгі уақытты құраған) жаңа қылмыс жасамайды деген шартты орындайтын болса, онда сотталғанға қатысты соттың нақты үкімді орындамау туралы шешім қабылдау құқығы болған. Негізгі бастаулардың алғашқы редакциясында егер сынақ кезеңінде шартты түрде сотталған жаңа алдыңғы жасаған қылмысынан ауырлығы кем емес қылмыс жасаса, онда кейінге қалдырылған шара міндетті түрде орындалуға жатады және екінші жасалған қылмыс үшін тағайындалған жазаға байланыссыз, егер сот екінші іс бойынша бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған болса, онда бұл мерзім ішінара сіңіру арқылы он жылдан аспауы тиіс.

Кейін ОАК және КСРО ХКК 1929 жылғы 13 қазандағы Қаулысымен бұл бөлікке төмендегілерді белгілейтін өзгерістер енгізілген: шартты түрде сотталған адам сынақ мерзімі уақытында жаңа қылмыс жасаған жағдайда, сот шартты түрде кейінге қалдырылған шараны сақтау құқығы беріле отырып, оны жаңа жасалған қылмыс үшін тағайындалған жазаға толық не ішінара сіңіру арқылы немесе адамға екінші үкім бойынша тағайындалған жазаны қолдана алады. Бірінші көрсетілген жағдайда, егер сот бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған болса, онда оның түпкілікті өтеуге берілген жаза мерзімі он жылдан аспауы тиіс.

Пробацияның алдындағы құқықтық нормаларға жүргізілген талдау бойынша талдау жүргізілген нормалар шартты түрде соттауды жазаны өтеуді кейінге қалдырудың элементтері бар «бір түрі» деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді.

М.Д. Шаргородский сол кезеңнің шартты түрде соттауын «бұл жазаны өтеудің (үкімді орындаудың) егер сотталған белгіленген уақыт ішінде ауырлығы алдыңғы қылмысынан кем емес жаңа қылмыс жасамаса, үкім жүзеге асырылмайды дегенге сайып келетін ерекше түрі», -деп айтқан [26,с. 155]. Дәл осы автор «шартты түрде соттау сот сотталғанның қауіптілік дәрежесі оны міндетті түрде оқшаулауды қажет етпейді немесе сотталған міндетті еңбекпен түзеу жұмыстарын орындауды қажет етпейді деп таныған жағдайда қолданылады», - деп көрсеткен [27, с.156].

Сот шартты түрдеу соттауды тек екі жазаға қатысты қолдануға құқылы болған, олар – бас бостандығынан айыру жазасы немесе еңбекпен түзеу жұмыстары түріне қолданған. Міндетті шарт болып, сот үкімде шартты түрде соттауды қолданудың уәжін көрсету міндеті болған.

1942 жылы кеңестік қылмыстық заңнамасы жаңа құқықтық институтпен толықты. Бұл –әскери жағдайында сотталған әскери міндетті немесе әскери қызметші үкімді орындауды кейінге қалдыруды орындау институты[28]. Жазаны өтеуді кейінге қалдырудың осы түрі қолданылған жағдайда, тұлға әскери жағдай аяқталғанға дейін жазасын өтеуден босатылуға жатқан. Кейінірек жазаны өтеуді кейінге қалдырудың берілген нормасы Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің таралу ауқымын қосымша көлік қызметкерлеріне қатысты да қолданылды [22].Сол кездегі іске асырылып жатқан қылмыстық саясат соғыс жағдайында мемлекеттік қажеттілік осы ынталандыру сипатындағы құқықтық новелланы енгізді.

Осылайша, 1923-1927 және 1941-1945 жылдардағы шартты түрде соттау және үкімнің орындалуын кейінге қалдыру туралы нормаларының болуы

қылмыстық жауапкершіліктің арнайы нысандары ретінде өзінің тиімділігі мен орындылығын дәлелдеді.

1958 және 1959-1961 жылдардағы КСР Одағы мен одақтас республикалардың қылмыстық заңнамасының негіздері және қылмыстық заңдары шартты соттау және кейінге қалдыру институттарына бірқатар елеулі түзетулер енгізді. Бұрын заңдарға және құқық қолдану практикасына белгісіз үкімді орындауды кейінге қалдыру және шартты түрде соттаудың жаңа түрлері пайда болды.

Қазақ КСР-нің 1959 жылғы 22 шілдедегі Қылмыстық кодексі тек соғыс уақытында ғана әскери қызметшіге немесе әскери міндеттілерге қатысты үкімді орындауды кейінге қалдыру туралы норманы бекітті (ҚазКСР ҚК 41-бабы) [29]. Кейінге қалдыруды қолдану соттың құқығы болды.

1959 жылғы қылмыстық заң үкімді кейінге қалдырудың келесідей негіздерін бекітті:

- 1) сотталған адамның жеке басына қатысты – әскери қызметші немесе әскерге шақырылуға не тиісінше жұмылдырылуға жататын әскери міндетті;
- 2) елде ерекше жағдайдың болуы – соғыс уақыты;
- 3) кейінге қалдыру тек бір негізгі жаза түріне қатысты қолданылған – бас бостандығынан айыру, бірақ қылмыстық заң қосымша жазаларды кейінге қалдыруға тыйым салмаған;
- 4) үкімді орындауды кейінге қалдыру мерзімі – тек әскери әрекеттер аяқталғанға дейін болған;
- 5) кейінге қалдырудың міндетті шарты – сотталған адам әскер қатарына жіберілген болуы тиіс.

Егер сотталған адам Отан қорғау кезінде өзінің ерекшелігін көрсеткен жағдайда, әскери қолбасшылықтың өтінішхаты бойынша сот төмендегідей шешімдердің бірін қабылдай алған:

- сотталғанды жазадан босату туралы;
- жазаны басқа жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы;

Егер де сотталған жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімінде жаңа қылмыстар жасаса, онда оған қатысты бірнеше үкімдер бойнша жаза тағайындау қарастырылған.

Үкімді орындауды кейінге қалдырудың бұл түрі қылмыстық заңда ҚР 1997 жылғы ҚК қабылданғанға дейін және 1998 жылғы 1-қаңтарға дейін (тәуелсіз Қазақстанның қылмыстық заңнамасының заңды күшіне енгенге дейін) әрекет еткен.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1977 жылғы 15 ақпандағы «КСРО Одағының және республикалардың қылмыстық заңнамасының негіздеріне толықтырулар туралы 391 бабымен» кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты жазаны кейінге қалдыру туралы норманы енгізген[30].

1977 жылғы 11 наурыздағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының «ҚазКСР Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарлығы [31, с.123]ҚазКСР ҚК 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына (41-1-бап) алғаш рет сотталған кәмелетке толмағанға жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы нормасымен толықтырылды. Кәмелетке толмағандарға қатысты кейінге қалдыру мерзімі 6 айдан 2 жылға дейін болған.

1982 жылға дейін үкімді орындауды кейінге қалдыру тек әскери уақытта әскери қызметшілер мен әскери міндеттілерге қатысты және кәмелетке толмағандарға қатысты қарастырылған.

Жазаның нақты балама түрі болып табылған кәмелетке толмағандарға қатысты кейінге қалдыру туралы құқықтық нормалардың тиімділігін аталған институт растады. Осыған байланысты заңшығарушы үкімді орындауды кейінге қалдыру аясын кеңейту туралы шешім қабылдап, оны кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты таратты.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1982 жылғы 26 шілдедегі «қылмыстық және түзеу-еңбек заңнамасын одан әрі жетілдіру туралы» Жарлығы [32]. Үкімді орындауды кейінге қалдыру қолданылатын адамдар санатына қатысты айтарлықтай өзгерістер енгізді (ҚазКСР-ның ҚК 41-1-Б.).

Оның қолданылуын үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған кәмелетке толған және кәмелетке толмаған адамдарға да жол берді. Соттың жазаны нақты өтеусіз орындаудың орындылығына, сотталушыны қоғамнан оқшауламай түзету мүмкіндігіне деген сенімі үкімді орындауды кейінге қалдыруды қолдану кезінде басты өлшем болды.

Үкімді орындауды кейінге қалдырудың мерзімі бір жылдан екі жылға дейінгі уақытты құрады.

Кейінге қалдырудың бұл түрі үш жылға дейін бас бостандығынан айыруға қайта тартылған сотталғандарға қатысты қолданылмаған; ҚазКСР ҚК 41 бабын қолданып бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарға қатысты; бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталғандарға, бірақ, 3 жылдан артық мерзімге; басқа жазалау шараларына сотталғандарға. Сонымен қатар, ҚазКСР ҚК кейінге қалдыруды қолдануды белгілі қылмыстың түрлері, яғни кейінге қалдыруды қолдануға шектеу жасаған. Оларға: аса қауіпті мемлекеттік қылмыс; бандитизм; шектен асып кеткен кезде кісі өлтіруді қоспағанда, қасақана кісі өлтіру қажетті қорғаныс жағдайында немесе қатты толқу жағдайында; ауыр дене жарақатын қоспағанда, қасақана ауыр дене жарақаты болған жағдайда зақымдау;; адамдар тобымен жасалған зорлау не аса ауыр зардаптарға әкеп соққан жасөспірімді зорлау аса қаскүнемдік бұзақылық жатқан.

КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1978 жылғы 31 наурыздағы «қылмыстық заңнама негіздерінің 39-бабын қолдану тәжірибесі туралы» қаулысымен үкімді орындауды кейінге қалдыруды қолдану ауыр қылмыстарды қоса алғанда басқа жасалған қылмыстар үшін де қолданылған. Бірақ соттарға «осы адамдарға үкімді орындауды кейінге қалдыруды қолдануда сақтықпен қарау керек» болған, сонымен қатар, қосымша жазаларды кейінге қалдыруға жол берілген[33].

Жазаны орындауды кейінге қалдыру кезінде міндеттерді жүктеу көзделген, оларға: белгіленген мерзімде келтірілген залалды жою; алкогольді

ішімдікке салынған жағдайында емдеу курсынан өтуі және т.б. Міндеттемелердің тізімі қылмыстық заңмен шектелді. Соттың жаза тағайындау кезінде белгіленген шектеулердің шеңберінен шығуға құқығы болған жоқ.

Үкімді орындауды кейінге қалдырудың бұл түрі:

- сотталғанды бақылау міндеті;
- сотталғанды қадағалау міндеті қарастырылған.

Еңбек ұжымына немесе белгілі бір адамға (тек олардың келісімі бойынша) сотталғандарды бақылау және олармен тәрбие жұмысын жүргізу міндеті жүктелген.

Ішкі істер органдары үкімді орындауды кейінге қалдырылған сотталғандарға, кәмелетке толмаған адамдарға қатысты бақылауды - халық депутаттар кеңестері атқару комитеттері жанындағы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиясы бақылауды жүзеге асырған.

Үкімді орындауды кейінге қалдырудың күшін жою төменде көрсетілген жағдайларда көзделген, егер адам: жүктелген міндеттерді орындамаса; еңбек тәртібін немесе қоғамдық тәртіпті бұзуы салдарынан әкімшілік жаза шараларын қолдануға не әкімшілік және қоғамдық ықпал ету шараларын қолдануға әкеліп соққан жағдайларда тағайындалған.

Жазасы кейінге қалдырылған сотталғанның мінез-құлқына байланысты сот сотталушыны жазадан босату немесе тағайындалған жазаны нақты өтеу үшін жіберу туралы шешімдердің бірін қабылдай алған.

Жазаны кейінге қалдыру уақытында сотталған жаңа қылмыстық әрекет жасайтын болса, онда сот оған үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындауға тиіс еді.

Қылмыстық заңнама шеңберінде үкімді орындауды кейінге қалдыру ҚазКСР пробациясының бастаушысы болды, оның мақсаты мен мәні сотталғандарға қылмыстық заңмен белгіленген шарттарды сақтаған жағдайда жазаны нақты өтемей-ақ түзету әсерін қолдану болып табылған.

КСРО Жоғарғы Сотының Пленумы 1985 жылы 21 Маусымда кейінге қалдырумен байланысты коллизиялық сұрақтарды түсіндіретін «Үкімді орындауды кейінге қалдыруды қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» қаулы қабылдады [34].

1960 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген 1959 жылғы 22 шілдеде қабылданған Қазақ КСР Қылмыстық кодексі шартты түрде соттау туралы норманы бекітті. ҚазКСР ҚК-нің 40-бабы (шартты түрде соттау) сот бас бостандығын шектеу немесе түзеу жұмыстары түріндегі жаза тағайындалған адамдарға қатысты шартты түрде соттауды қолдануды көздеген. Бұл норманы қолдану туралы мәселені шешу кезінде істің мән-жайлары және кінәлінің жеке басы ескерілді. Шартты түрде соттауды тағайындау кезінде сынақ мерзімі (бір жылдан бес жылға дейін) көзделген, сынақ барысында сотталған адам өзінің түзелуін үлгілі мінез-құлқымен және адал еңбекпен дәлелдеуі керек болған. Сынақ мерзімі сынақ мерзімінің кемінде жартысы өткеннен кейін қысқартылуы мүмкін еді. Шартты түрде соттау кезінде айдау және мүлікті тәркілеу жазаларынан басқа қосымша жазаларды тағайындауға жол берілген.

Шартты түрде сотталғандарды қайта тәрбиелеу және түзету үшін ұйымдарға немесе ұжымға берілуі мүмкін болған.

Шартты түрде сотталғандардың мінез-құлқын бақылаудан басқа олармен тәрбие жұмысын жүргізуді көздейтін бақылау қарастырылған. Аталған функция сотталғанның жұмыс орны бойынша қоғамдық ұйымдарға (кәсіподақ, комсомол) жүктелген, жұмыс жасамайтын сотталғандарға қатысты - жергілікті халық депутаттар кеңестеріне жүктелген.

Мына жағдайларда шартты түрде соттау жойылып, тұлға жазаны нақты өтеу үшін жіберілген: шартты түрде сотталғандарға қатысты әкімшілік жазалау немесе қоғамдық ықпал ету шараларын қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті жүйелі түрде бұзған кезінде. Сонымен қатар, еңбек ұжымы немесе қоғамдық ұйымның бақылауында тұрған сотталған қоғамдық ықпал етуден жалтарған жағдайында шартты түрде соттаудың күші жойылған.

1970 жылы ҚСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының 1970 жылғы 12 маусымдағы «сотталған адамды міндетті түрде еңбекке тартумен бас бостандығынан айыруға шартты түрде соттау туралы» Жарлығының қабылдануына байланысты шартты түрде соттау институты белгілі бір өзгерістерге ұшырады.

Одақтық қылмыстық заңнама, оның ішінде 1959 жылғы қылмыстық заң 23-2 бабымен (сотталған адамды міндетті түрде еңбекке тартумен бас бостандығынан айыруға шартты түрде соттау) толықтырылды [29]. Бұл шартты түрде соттау тек үш жылға дейін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған, абайсызда жасалған қылмыстар үшін бес жылдан аспайтын мерзімге сотталған кәмелетке толған еңбекке қабілетті адамдарға ғана қатысты қолданылды.

Осы нормаға сәйкес сотталған адам арнайы жабдықталған жатақханаларда тұрып, үкімді орындайтын органдармен айқындалған мекемелер мен кәсіпорындардағы міндетті жұмыстарды атқарып, арнайы комендатуралардың бақылауында болған. Берілген шартты түрде соттауды өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, бұл бас бостандығынан айыру жазасына алмастырылған.

Кейін сотталған адамды міндетті түрде еңбекке тартумен бас бостандығынан айыруға шартты түрде соттау нормасын біркелкі қолдану мақсатында, 1970 жылы 23 желтоқсанда ҚазКСР Жоғарғы Сот Пленумының «шартты түрде соттаудың түрлерін қолдану ережелерін түсіндіретін міндетті еңбекке тартумен бас бостандығынан айыруға шартты түрде соттауды қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» [35]қаулысы қабылданды.

Кейінірек, 1993 жылы сотталған адамды міндетті түрде еңбекке тартумен бас бостандығынан айыруға шартты түрде соттау туралы нормасы 1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық кодексінен алып тасталды.

Егемен Қазақстанның 1997 жылғы қылмыстық заңнамасын қабылдауы кеңес кезеңінің заңдарынан шартты түрде соттау және кейінге қалдыру туралы

бірқатар ережелерді алды. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы ҚК бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыру төтенше жағдайлар кезінде және жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге қатысты қолданылған[36]. Бұдан басқа, 1997 жылғы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы кейінге қалдырудың бұл екі түрінен басқа, кейінге қалдырудың жаңа түрі – сотталғанның ауыр науқасына байланысты кейінге қалдыруды бекітті (ҚР ҚІЖК 452-Б.1-б. 1-т.) [37].

2002 жылы жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге қатысты жазаны кейінге қалдыру нормалары өзгеріске ұшырады. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық атқару кодекстеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы жас балалары бар әйелдерге қатысты балалары 14 жасқа (бірінші шығарылымда – бала 8 жасқа толғанға дейін) толғанға дейін жазаны кейінге қалдыруды таратты[38]. Мұндай түзетулер негізді деп саналады, себебі, «берілген жас шегіне дейін балалар жасөспірім болып табылады және ана мен баланы қорғау мақсатында психофизиологиялық даму аспектісінде қиын және қарама-қайшы кезең болып табылатын баланың 13-14 жасына дейін әйелдің бостандықта және баласының қасында болуын қамтамасыз ету маңызды» [39, с. 160].

2011 жылы жазаны кейінге қалдыру нормалары кеңейтілді. Оған – ҚР 2011 жылғы 18 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен түзету енгізу барысында, жасөспірім баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге қатысты жазаны өтеуді кейінге қалдыру нормасы енгізілді[40].

Қазақстан Республикасы ҚК 1997 жылғы шартты түрде соттау институты сол күйінде сақталған [36]. Негізгі ерекшеліктері ретінде соттың жазаның келесі түрлерін түзеу жұмыстары, Әскери қызмет бойынша шектеу, бас

бостандығынан айыруда шартты түрде соттауды тағайындауға құқығы бар екенін айтуымызға болады.

Сонымен қатар, сынақ мерзімінің максималды шегі қысқарды және бұл шек бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімді құрады. Кәмелетке толмағандарға қатысты алты айдан бір жылға дейін болған.

Сот шартты түрде соттау кезінде мүлікті тәркілеуден басқа, жазаның қосымша түрлерін тағайындау құқығы болған. Кәмелетке толмаған сотталғандарға тәрбиелік ықпал ету мәжбүрлеу шараларын тағайындау мүмкін болды.

Шартты түрде сотталғандардың мінез-құлқын оған бақылауға өкілді мамандандырылған мемлекеттік орган – қылмыстық-атқару инспекциясы, әскери қызметші шартты түрде сотталғандарға қатысты – әскери бөлімдер мен мекемелердің басшылығы қадағалаған.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы шартты түрде соттау туралы нормаларына айтарлықтай өзгерістер енгізді. Бұл түзетулер бойынша шартты түрде сотталғандарға қатысты пробациялық бақылауды орнату көзделген, осылайша пробацияның бір формасы ретінде бұл институттың құқықтық табиғатын белгіледі[41].А. Хаитжанов шартты айыптаудың даму тарихын талдай келе, былай көрсеткен: «шартты түрде соттау институты ертеден бері жетілдіріліп келеді, ал қазіргі уақытта бұл шара үлкен маңызға ие болып келеді, себебі, жаза бас бостандығынан айырудың ең тиімді баламасы болып табылады және бұл заңнамалық және соттың құқық қолдану практикасымен расталып отыр» [42].

Біздің ойымызша, 1997 жылы қылмыстық заңнамада жазасын өтеуді кейінге қалдыру және шартты түрде соттаудың пайда болу қажеттілігі қылмыстық қуғын-сүргін шараларын азайту және қылмыстық жауаптылықты

даралау қағидаттарын іске асыруға бағытталған қылмыстық саясат бағыты болып табылған деп ойлаймыз.

Пробацияның бастамашысы – жазаны өтеуді кейінге қалдыру және шартты түрде соттау сотталғандарды олардың мінез-құлқын бақылау уәкілетті мемлекеттік органдардың – қылмыстық-атқару инспекциясының бақылауымен, қоғамнан оқшауламай түзетуге бағытталғанын атап өткен жөн.

Талданып отырған екі институт: шартты түрде соттау және жазаны өтеуді кейінге қалдыру қылмыстық жазаны нақты орындаусыз атқаруды көздейтін қылмыстық жауаптылықты іске асырудың ерекше нысаны болып табылады.

Кейбір ғалымдар аталған екі институтты біріктіру перспективасы туралы сұрақты қояды, «берілген институттар мәні мен әлеуметтік-саяси мақсаты бойынша ұқсас болып келеді: олардың мақсаты мен міндеттері бірдей, көбінесе қолданудың негіздері мен құқықтық салдары сәйкес келеді» [43, с.13], екі баптың орнына «кейінге қалдыру және шартты түрде соттаудың орнына қылмыстық заңнамада шартты түрде соттау мен кейінге қалдырудың бірқатар белгілерін қамтитын бірыңғай институтты көздеу керек», делінген[44, с.6].

Қорытындылай келе, шартты түрде соттау және жазаны өтеуді кейінге қалдыру жазасы екі түрлі институт болғанына қарамастан, қолдану тәртібі мен негіздері белгілі бір айырмашылықтарға ие, бірақ олар пробацияның бастамасы ретінде бір мақсатпен және ортақ міндетпен біріктірілген, ол - сотталушыны жазаны іс жүзінде орындамай түзету.

2012 жылдан бастап пробация нормаларын кезең-кезеңмен енгізу күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталғандарды және қылмыстық-атқару мекемелерінен босатылған адамдардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттарды жүзеге асыруға әсер етеді және біздің мемлекетіміздің қылмыстық саясатты ізгілендіру жөніндегі бағдарламалық құжаттарын іске асыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында:

«Біздің мемлекетіміздің қылмыстық саясаты міндетті түрде «екі векторлы бағытта» болуы тиіс, яғни, бір жағынан аса қауіпті қылмыстар жасалған жағдайда қылмыстық жауапкершілік қатандатылуы керек; екінші жағынан қоғамға аса қауіп төндірмейтін қылмыстар жасағаны үшін жазаны жеңілдету, ізгілендіру қажет»деп айтқан [45].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Жолдауында Үкіметке және Әкімшілікке одан әрі ізгілендіруге баса назар аудара отырып, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын реформалауды бастау тапсырылды. Жолдауды жүзеге асыру барысында республика Парламентіне Қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық-атқару, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің жобалары енгізілді. Одан әрі аталған актілер қабылданып, оның ішінде, 2014 жылғы 3-шілдедегі ҚР ҚК және 2014 жылғы 5-шілдедегі ҚР ҚАК 2015 жылы 1 қаңтарда қолданысқа енді.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексі шартты түрде соттау (ҚК 63,64-Б.) және жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге қатысты жазаны өтеуді кейінге қалдыру, жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ерлерді (ҚК 74-б.) кейінге қалдыру, ауыр мән-жайлардың салдарынан жазасын өтеуді кейінге қалдыру (ҚК 76-б. 2-Б.) нормалары сақталды.

Біздің ойымызша, қылмыстық заңнаманы ізгілендіру бөлігіндегі негізгі бағыттардың бірі болып қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес балама жазаларды қолдану аясын кеңейту қажет. Мұны іске асыруда жазалау шараларын азайту, сотталған адамға оны қоғамнан оқшауламай түзелу мүмкіндігін беру (әрине, сол балама шараларды қолдану үшін негіздер бар жағдайларда).

Біз Е. А. Оңғарбаевтың «бас бостандығынан айырудың максималды мерзімдерін азайту есебінен жазаның неғұрлым жеңіл түрлерін кеңінен қолдану, ол үшін айыппұлдарды, түзеу жұмыстарын, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, бас бостандығын шектеу, қамауға алуды» қолдану қажет деген ұстанымымен

толығымен келісеміз [46,с.194-195]. Оның себебі бүгінгі таңда ББА орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға тәртібінің түзелі дәрежесіне қарай, яғни, оң тәртіп дәрежесі болған жағдайда, қылмыспен келтірілген шығынды өтеп, түзеу мекемесінде өзінің түзелу жолына түскендігін дәлелдей алатын болса, қылмысының ауырлық санатына байланысты жазасының белгілі бір бөлігі өткен соң сотқа жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыруға немесе шартты түрде жазадан босатуға жүгіне алады. Сотталған адам жазасының барлық мерзімі аяқталғанға дейін құқық қорғау органының бақылауында бола отырып, бір мезетте қоғамнан оқшауланбай жазасын өтей алады.

Бүгінгі таңда заң шығарушымен ұсынылатын бас бостандығынан айырудың нақты баламаларының бірі, отандық құқық жүйесі үшін жаңа институт бұл – пробация институты (ағылш. *probation* – сынақ).

XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап көптеген елдің аумағында қылмыстық заңнамада қоғамнан оқшаулауға байланысты емес қылмыстық ден қою шараларының ұлғаю жағдайы байқала бастады. 1985 жылы Миланда БҰҰ-ның қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс істеу бойынша Жетінші конгресс өтті. Бұл конгресстің нәтижесі: «бас бостандығынан айыру ауыр қылмыс жасағандар үшін ғана жаза болып қала береді» деген нақты қорытынды болды [47, с.8-15]. Аталған конгресс «бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шаралары бастапқы шара болып табылады», деген ұранмен өтті [48, с.10] Бас бостандығынан айыруға балама қолданылған жағдайда «сотталғандарға жәрдем көрсету жөніндегі арнайы қызметтерді іске қосу қажет. Бас бостандығынан айыру жасалған әрекеттің ауырлығын және сотталушының жеке басын ескере отырып, соңғы шара ретінде ғана қолданылады» деп белгіленді[47, с. 17-19]. Іс жүзінде пробацияның бір ғана моделі болды – үкімдік, яғни, порбациялық бақылау тек шартты түрде сотталған адамдарға қатысты жүзеге асырылғанын атап өту қажет.

Жоғарыда айтылғандай, «пробация» түсінігі қазақстандық заңнамада алғаш рет Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданғаннан кейін пайда болды[41]. Көрсетілген Заң бойынша Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару Заңы «Қылмыстық атқару жүйесіндегі пробация» деген 7-1-бабымен толықтырылды. Аталған бапта көрсетілген анықтамаға сәйкес, «пробация –жаңа қылмыстар жасауының алдын алу мақсатында олардың мінез-құлқын одан әрі түзету үшін сынақ мерзімі және пробациялық бақылауда болу кезеңінде әрбір шартты сотталған адамға қатысты қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметі Жеке әзірлейтін және іске асыратын әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар кешені», деп жазылған[49].

Жоғарыда келтірілген анықтамадан бастапқы нұсқада пробация өте тар мағынаға ие болды және пробация тек шартты сотталғандарға ғана қатысты қолданылған деген қорытындыға келуге болады.

Сондай-ақ, аталған өзгерістермен «пробация қызметі» және «пробациялық бақылау» деген ұғымдар енгізілді.

Пробациялық бақылау, 1997 жылғы ҚАК 182-бабына сәйкес, бұл «қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің сынақ мерзімі кезеңінде әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсете отырып, шартты түрде сотталған адамға сот жүктеген міндеттердің орындалуына және олардың мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі» [49]. «Пробация қызметі» ұғымының ресми анықтамасы сол кезеңнің нормативтік құқықтық актілерінде болған жоқ.

Біздің Республикамыздың қолданыстағы 2014 жылғы ҚАК алдыңғыларымен салыстырғанда неғұрлым прогрессивті болып табылады. Алғаш рет онда қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіретін бап енгізілді. Сонымен, «пробация», «пробация қызметі» және «пробациялық бақылауға» анықтамалар берілді. (ҚАК 3 бабы).

Осылайша, пробация ҚАК 3 бабы 7 тармағына сәйкес, «пробациялық бақылаудағы адамға қатысты оның жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар

жасауының алдын алу мақсатында оның мінез-құлқын түзеу үшін әзірленетін және іске асырылатын әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар кешені» [50].

Алдыңғы берілген қылмыстық-атқару заңындағы әрекет ету аясын тек шартты түрде сотталғандарды қамтитын «пробация» түсінігімен салыстырғанда, қолданыстағы ҚАК-де «пробациялық бақылау» ұғымы түсіндірусіз «пробация» түсінігі сілтемелі болып табылады және өзінің әсері таралатын адамдар шеңберін анықтауға мүмкіндік бермейді.

Пробациялық бақылау, ҚАК 3-бабының 9 тармағына сәйкес, «уәкілетті органдардың сотталғандарға сот жүктеген міндеттердің орындалуына және олардың мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ оларға әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсету жөніндегі қызметі» [50]. Алайда, жоғарыда аталған тұжырымдаманың анықтамасында пробациялық бақылау тағайындалатын сотталғандар санаттарын көрсетпеген. Тек ҚАК 19 бабына жүгіне отырып, пробациялық бақылау аясына тартылатын субъектілер тобын анықтауға болады. Аталған бапқа сәйкес пробациялық бақылау: бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған; шартты түрде сотталған; бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты жүзеге асырылады.

2014 жылғы Қылмыстық кодексте «пробация қызметі» деген ұғымға анықтама пайда болды. Сонымен, «пробация қызметі – қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшаулаусыз орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын және өзінің есебінде тұрған сотталғандарға әлеуметтік көмек алуға жәрдем көрсететін қылмыстық-атқару жүйесінің органы» [50]. Көрсетілген анықтамадан пробация қызметінің өкілеттіктері тек пробациялық бақылауға жататын адамдармен ғана шектелмейді деген қорытындыға келеміз, олар өкілеттігі әлдеқайда кең, себебі олар қоғамнан оқшаулауға байланысты емес негізгі жазалардың барлық түрлерін (түзету жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу), жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қамтиды.

Көрсетілген қорытынды қолданыстағы баптардың мазмұнын талдау кезінде пайда болады. Пробация қызметінің жазаны орындайтын орган ретіндегі өкілеттіктері қоғамнан оқшаулауға және жазаны өтеуді кейінге қалдыруға байланысты емес жоғарыда көрсетілген негізгі жазаларды орындаудың барлық дерлік жағдайларында (ҚАК-нің 24-бабының 7, 11, 12, 13-бөліктері), оның ішінде кәмелетке толмаған адамдарға қатысты айқындалған.

Сонымен қатар, пробация қызметі қосымша жазаны орындауды ұйымдастыруды жүзеге асырады. Оларға белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру (ҚАК-нің 24-бабының 2-бөлігі) және оларға қоса берілген құжаттармен бірге мемлекеттік наградаларды алып қою (ҚАК-нің 24-бабының 6-бөлігі) жатады.

Осылайша, заң шығарушымен пробациялық бақылаудың әсері таралатын субъектілер аясы кеңейтілді.

Көрсетілген өзгерістер республикамызда бұдан әрі пробация институтын енгізудегі маңызды қадамдардың бірі екендігі даусыз. Бұл институтты сот органдарының тәжірибесінде кеңінен қолдану салдарынан қоғамнан оқшауламай жазасын өтеп жатқан адамдардың көбеюі, елдің «түрме тұрғындарын» азайту көзделеді.

Қолданыстағы ҚАК 2015 жылы 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, қылмыстық заңнаманы ізгілендіру нәтижесінде және соттардың бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды қолдануы бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдар санының күрт төмендеу үрдісі байқалды. 2016 жылы «түрме халқының» саны 17% - ға қысқарды, ішкі істер органдарында пробациялық бақылауда 22,5 мыңға жуық есепке алынған адамдар болды (салыстырмалы түрде, 2015 жылы мұндай адамдар 12,3 мың адам болған). Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың қайталап қылмыс жасауы 7 пайызға төмендеді [51]. Берілген

статистика пенитенциарлық заңнаманың әрекет еткендегі өзгерісі нәтижелерін айқын көрсетеді.

2016 жылы шілдеде Үкіметпен «Пробация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қабылданып, Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді. 2016 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің пробация саласындағы қоғамдық-құқықтық қатынастарды реттейтін елдегі алғашқы заңы – «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды [52].

Бұл заңның пайда болуы сөзсіз Қазақстан Республикасындағы пробация қызметінің дамудың маңызды кезеңі болмақ. Құрылымы бойынша ҚР «Пробация туралы» Заңы төрт тараудан және жиырма бір баптан тұрады.

ҚР «Пробация туралы» Заңында «пробация» ұғымына ҚАК-мен регламенттелген «пробация» анықтамасымен ұқсас түсінік берілген. Сонымен, ҚР «Пробация туралы» Заңының 1 бабы 1 тармағына сәйкес пробация - «санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі» деп жазылған [52].

Жоғарыда айтылғандардан 2012 жылы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде пробация пайда болған кезде пробация институты бірінші рет құрылған пробация қызметі атынан мемлекет, сондай-ақ шартты түрде сотталған, осы қызметтің бақылауында тұрған, қызметінің мақсаты шартты түрде сотталған адамға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету, сондай-ақ шартты түрде сотталған адамдар тарапынан рецидивті қылмыстың алдын алу болып табылатын құқықтық қатынастарды қамтитын институт ретінде қарастырылғанын байқаймыз.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып М. Р. Геттің айтқандары өте әділ деген тоқтамға келеміз. Ол: «Қазақстан Республикасында шартты түрде соттау, жазаны өтеуді кейінге қалдыру әлеуметтік-құқықтық

бақылаудың ерекше нысанын – бас бостандығынан айырусыз сотталғандарды сынауға негізделген пробацияны құрайды», деген [53, с.3]. Бұл көзқараспен келіспеу қиын, себебі Қазақстанның түрлі тарихи кезеңіндегі қылмыстық және қылмыстық-атқару (еңбекпен түзеу) заңдары Пробация туралы нақты белгіленген норманы қамтымаса да, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және пенитенциарлық құқық ғылымы да «пробация» деген ұғымды қарастырған жоқ, бірақ сонымен бірге жазаны өтеуді кейінге қалдыру және шартты түрде соттау, олардың құқықтық табиғатының ортақтығына сүйене отырып, сол кезеңде біртұтас кешен құрды, оны тұтастай пробация деп атауға болады.

Пробация нормаларының даму кезеңдерінің ретроспективасын қорытындылай келе, пробация мемлекеттік органдар (пробация қызметі) тарапынан олардың мінез-құлқын міндетті бақылау жағдайында сотталғандарды түзетуді тиімді жүргізуге мүмкіндік беретінін атап өту қажет.

Біздің ойымызша, 2012 жылы Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және пенитенциарлық заңнамасында пробацияның пайда болу қажеттілігі объективтік қажеттілігі қылмыстық жауаптылық пен жазаны нақты дараландыруға және саралауға, сондай-ақ қылмыстық қуғын-сүргін шараларын үнемдеу қағидатын іске асыруға бағытталған қылмыстық саясат бағытынан туындады.

Нәтижесінде, 2016 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасында алғаш Қазақстан Республикасының «Пробация туралы» Заңы қабылданды. Осы заңның қабылдануы Қазақстан Республикасындағы пробация институты дамуының маңызды кезеңі болып табылады.

1.3 Шетел мемлекеттері пробация қызметінің тәжірибесі

Шет мемлекеттердің қылмыстық-құқықтық заңнамасы аясында шартты түрде соттау санатының пайда болуын объективті себептермен сипаттауға болады. Теориялық жұмыстарда қазіргі заманғы жеке қылмыстық-құқықтық

институтын әзірлеу ХІХ ғасырдың соңында басталды. Оның мақсаты – әрекет еткен қысқа мерзімді бас бостандығынан айыруға балама құру. Әлемдік қоғамдастық тарапынан қысқа мерзімге қамауға алу елеулі сынға ұшырады. Сол кезеңдегі негізгі дәлелдердің бірі мыналар: қысқа мерзімді бас бостандығынан айыру жаза мақсаттарына сәйкес келмейді, оның ешқандай теріс мағынасы болмауы керек, көп жағдайда қамаудағы адамдарға теріс әсер етеді, деген пікір болды. Қылмыстық-құқықтық бұзушылықтар жасаған сотталғандар арасында, жеткілікті шара болып, соттау және жауапкершілікке тарту болғандары да бар. Берілген жағдайда жазаның орындалуының өзі мақсатсыз жазалаудың артықшылығы.

Халықаралық құқық саласындағы неміс және австрия ғалымы Франц Фон Лист «қылмыскердің әдеті үшін» түрме қорқынышты шара емес, сонымен қатар «оқиға қылмыскері» үшін түрмеге бірінші рет түскен әйелге көңіл аудару керек, оны моральдық тұрғыдан қысқа уақытқа бас бостандығынан айыруы түбегейлі құртуы мүмкін: осыған байланысты, қысқа мерзімге бас бостандығынан айыру – бұл пайдасыз, сондықтан қылмыскерлердің жалпы жазасыздығынан гөрі заңды режимге одан да көп зиян келтіруі мүмкін», деп көрсеткен [54].

1872 жылы Лондонда өткен Халықаралық түрме конгресінде жаңа жеке қылмыстық құқық институтын құру мүмкіндігі қарастырылды, сондай-ақ 1889 жылы Бельгиядағы Халықаралық одақ құқық съезінде және 1885 жылы Италиядағы Конгресте де қарастырылған.

Шет елдердің ғалымдары шартты түрде соттаудың туған жерін әртүрлі айтады. Сонымен, А.А. Пионтковский шартты түрде жазалау институты алғаш рет 1869 жылы Солтүстік Америка территориясында құрылған деп санаған. Неміс ғалымы Ф.Ф. Лист институт 1884 жылы Францияда құрыла бастаған деп санаған. Қылмыстық құқық саласындағы басқа да теория ғалымдары шартты түрде соттау институты алғаш рет 1820 жылы Англияда енгізілді деп санаған.

Англо-саксон Заңында пробация институты бейбітшілік пен тәртіптен жалтарудың алдын алу шарасы ретінде ерекше дамуға ие болды,

«Жақсы ниетті моральға қарсы» бағытталған барлық нәрсені қудалау құқығына ие болған бейбітшілік төрешісі, маскүнемдікке, тәртіпсіз өмір салтымен өмір сүретіндерге нұсқау беруге, болашақта айыпталған адамдардан жақсы мінез-құлық туралы кепілгерлік қабылдауға құқылы болды. Мұндай қудалаудың себебі басына қауіп-қатер төнген адамның тарапынан түскен шағымы болып табылған. Айыптау расталған жағдайда, кінәлі бітімгершілікті сақтауға және кепілді сақтауға ант берген. Қылмыскердің қаржы жағдайына сәйкес, кепіл анықталған және көбінесе, мұндай кепіл сомасы елеулі мөлшерде болған. Өзіне алған міндеттемелер бұзылған жағдайда – сотталған енгізілген кепілді бірден айырылған. Англияда мұндай шара үлкен сұранысқа ие болған.

Пробацияның қылмыстық-құқықтық институты алғаш рет шартты түрде соттаудың классикалық қағидаттарына негізделіп ХІХ ғасырдың ортасында Ұлыбританияда жоғарғы көрсеткішке ие болды. Одан әрі пробация әлемнің құқықтық картасында кең таралды. Пробацияны қолдану процесінде сотталған тұлғаларға бақылауды жүзеге асыру жеке мемлекеттік қызметпен жүзеге асырылған.

Ұлыбританияда ішкі істер органдарында осыған ұқсас қызмет бар. Ал Жапонияда ол Әділет министрлігінің бақылауында болса, АҚШ-та ол да сот билігіне бағынышты

Нидерландыда пробация қызметі заңды дербестікке ие. Сотталған адамдарға қатысты әр түрлі білім беру бағдарламаларын тартуға негізделген ұйымдарының, үкіметтік емес жастар ұйымдарының волонтерлерінің, әйелдер бірлестіктері, Виктимологиялық қоғамдар және шіркеулердің тәрбие жұмыстары жүзеге асырылады[55].

Жоғарыда аталған ұйымдардың бірлескен күш-жігері құқық бұзушылықтың жалпы алдын-алу және жеке мәселелерін шешуді жеңілдетуі керек. БҰҰ-ның қамауға алуға байланысты емес шараларға қатысты негізгі ережелерінің ең аз жиынтығында

қоғамның құқық бұзушыларды бейімдеу процестеріне қатысуы міндеттілігін атап өту керек.

Дамыған елдердің көпшілігінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және мемлекеттік мекемелермен өзара қызмет ету – бұл пробация қызметімен жүзеге асырытылатын жұмыстың орасан көп бөлігін қамтиды. Сонымен қатар, бақылауда тұратын адамдарды әлеуметтік ортаға бейімдеуге тікелей көмек көрсететін еріктілермен әлеуметпен, жеке ұйымдармен қарым-қатынас басты рөлде болып табылады. Бұл қызметкерлері жіті бақылауда болатын орталықтандырылған қызмет[56]. Американдық қоғамдық ұйымдар пробация қызметіне қолдау көрсетіп, оңалтуда жүрген сотталғандарға көмек көрсету жөніндегі пробация қызметі инспекторларының жүктемесінің 98%-ын өздеріне алады. Жапонияда да пробация қызметінің штаттық персоналы мен еріктілер санының орасан зор айырмашылығы байқалады: егер штата 876 адам болса, онла еріктілер саны шамамен 47 мың адамдай болады [57].

Ресейдегі қылмыстық-атқару инспекциясы (ҚАИ) органдары пробациялық бақылау жүргізу жөніндегі қызметпен айналысады. Бүгінгі таңда олардың саны 2488 жетеді, олардың есебінде жалпы алғанда қоғамнан оқшауламай сотталғандар саны 300000 құрайды. ҚАИ штатындағы қызметкерлер саны тек 10444 адам.

ҚАИ рөлін ескере отырып олардың қызметіне пробациялық технологияларды кадрлар құрамын нығайту арқылы, сонымен қатар, ұйымдық-материалдық мүмкіндіктерін пайдаланы отырып енгізу шынайы және қисынды болушы еді. Еуропалық ережелерден: Еуропалық балама жазалар мен шараларға қатысты ережелер туралы № R (92) 16 Ұсынысында, шартты түрде босату туралы (20003) 22 Res Ұсынысында бүгінгі күні ресми түрде жеке қызметті құру міндетті емес немесе қолданыстағы инспекциялардың атын өзгерту қажет емес делінген. Себебі «пробация» ұғымының өзі әлі де заңгерлерге де, халыққа да жеткілікті дәрежеде түсінікті емес [58].

2008 жылы Ресей Федерациясының Үкіметі Ресейдің 2022 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді тұжырымдамасы аясында елде жеке пробация қызметін құру анықталған. 2020 жылға дейін Ресей Федерациясының қылмыстық-атқару жүйесін өзгерту Тұжырымдамасы Ресей үкіметінің 14.10.2010 ж. N 1772-р өкіміне сәйкес бекітілген. ҚАИ жетілдіру бойынша кешенді шаралармен бірге сондай-ақ, пробация қызметін құру қарастырылды [59].

Осы Тұжырымдама бойынша пікірталас барысында келесі ықтимал нұсқалар талқыланды: нақты УИА негізінде пробация қызметін құру; кейіннен оған қоғамдық ұйымдармен билік органдарын қосу арқылы пробация институтының кешендер жүйесін құру; Ресей Федерациясының Әділет министрлігіне бағынатын федералды қызметті құру.

2018 жылы Ресей Федерациясындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Т.Н. Москалкова Ресейде пробация қызметі 2020 жылы пайда болуы мүмкін деп мәлімдеді. Бұл қызмет мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған әйелдерге әлеуметтік көмек көрсетумен, қадағалаумен және басшылықпен айналысатын еді, деп айтқан болатын. Сондай-ақ, Ресей Федерациясының ФСИН-мен бірге «Ресей Федерациясындағы Пробация туралы» федералды заңдардың жобасы және онымен байланысты заң жобалары жасалды. Бүгінгі таңда олармен жүргізіп жатқан жұмыс тоқтатылған [60].

Халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ, пробация қызметі айтарлықтай үлкен мүмкіндіктер мен қызметтер ие болып көрсетілген: құқық бұзушының жеке басының мінездемесін «әлеуметтік портретін» ұсынатын сотқа дейінгі баяндаманы енгізе алады, бұл мінездемеде міндетті түрде берілген адамға қылмыстық жазаның неғұрлым әсер ететін шарасын тағайындау туралы сотқа берілетін ұсынымдар қамтылады; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылып шыққан адамдарға пенитенциарлықтан кейімгі бейімді әсер ету; құқық бұзушының мінез-құлқын түзететін арнайы бағдарламаларды жүзеге асыру; қылмыс жасауға әкеліп соққан факторларды

бейтараптандыру; қылмыстың құрбаны мен қылмыскердің татуласуына көмектесу; қылмыстың құрбандарын психологиялық тұрғыдан сүйемелдеуге, сотталғанның сотпен жүктелген міндеттемелерін орындауын бақылау; неғұрлым әлеуметтік осал топтарға әлеуметтік көмек көрсету және т.б [61].

Пробация қызметі айтарлықтай ұзақ мерзім аралығында әрекет ететін шетел мемлекеттерінің тәжірибелері (жекелеп айтқанда, Нидерланды, Ұлыбритания), берілген институт құқық бұзушыға бақылау жүргізу жүйесін көсетеді. О.Н. Ведерникова өзінің докторлық диссертациясында Ұлыбритания қылмыстылыққа қарсы әсер етуде қылмыстық-құқықтық ықпал етудің және жазалаушы саясатты жетілдіруді қолдану жолымен жалпықоғамдық шараларды және қылмыстың алдын алудың арнайы жүзеге асырылатын мемлекеттің ұйымдық және қаржылық қолдауының арқасында ж.а. «мемлекеттік» әсер ету тәсілі тән [62].

Көптеген еуропалық елдің пробация қызметі ұжымы тұрақты ұлттық дәстүрге және институционалдық сәулетке тәуелді болып келеді. Әрі қарай пробация қызметкерлерінің рөлі және мәртебесін анықтайтын ережеде ең алдымен жергілікті халықты назарға алу қажет. Дегенмен де, Еуропа елдерінің кейбір жалпы қабылданған пробация қызметінің жұмыс істеу моделін белгілеуге болады. Біздің зерттеу тақырыбымыз Қазақстан Республикасындағы пробация қызметі болғандықтан, тарихы мен дәстүрлері жақын елдердің пробация қызметін қарастырғанымыз жөн болады.

Бірқатар жағдайларда пробация қызметкерлері психология, әлеуметтік қызмет, педагогика, әлеуметтану және құқық сынды әлеуметтік ғылымдарды тәмамдаған түлектер арасынан таңдалып алынады (Грузия, Румыния, Молдова, Латвия). Бұл ереженің ерекшелігі – пробация қызметкерлерінің «әлеуметтік қызмет бакалавры» (Австрия, Дания, Ирландия, Италия, Испания және т.б.) дәрежесі болуы қажет деген ереже бар. 1988 жылдан бастап Англия және Уэльс пробация қызметкерлері пробация туралы диплом жазуы сияқты арнайы дайындықтан өтулері қажет.

Шығыс Еуропаның көптеген елінде немесе Кавказда пробация пробация қызметкерлері бұрынғы қылмыстық-атқару жүйесі департаментінен алынады (мысалы, Молдовада, Әзірбайжанда) немесе полициядан, әскерден алынады (мысалы, Ресей). Әдетте бұл бөлімдерден алынған қызметкерлер аға буынның басқарушы лауазымдарында отырады және сол себептен ұжымның ұйымдастырушылық мәдениетіне елеулі ықпал етеді. Көптеген жағдайларда, бұл ұйымдарға пробациялық оңалту қызметін атқару қиынға соғады, себебі, олар көбінесе бақылау және құқық қорғау қызметін атқаруға бейімделген.

Ереже ретінде, жаңа қызметкерлер 2 аптадан (Венгрия) 6 айға дейінгі уақытқа созылуы мүмкін кіріспе курсынан өтеді. Кейбір жекелеген жағдайларда, пробация қызметкерлері жұмысқа қабылданғаннан кейін әділет органдарына тиесілі (мысалы, Молдовада – Ұлттық әділет орталығы) арнайы орталықтарда немесе институттарда оқиды. Жалпы, пробация қызметкерлерінің алғашқы даярлығы Еуропадағы пробацияның әлсіз тұстарының бірі екендігі мойындалады.

Еуропаның көптеген елдерінде пробация қызметкерлері мемлекеттік қызметші болғандықтан оларға қолданылатын ережелерді сақтаулары тиіс. Мысалға, Латвияда пробация қызметкері лауазымына тек мемлекеттік қызмет туралы заң талаптарына сай келетіндер ғана үміткер бола алады. Пробация қызметі түрме әкімшілігімен тығыз байланыста қызмет атқаратын кейбір елдерде пробация қызметкерлері мемлекеттік қызметкерлер арасында ерекше мәртебеге ие. Олар мемлекеттік қызметші болып табылмайды, бірақ, жеке заңға негізделген ерекше мәртебеге ие (мысалы, Франция, Румыния).

Көптеген жағдайларда пробация қызметі әділет министрлігінің басшылығында қызмет атқаратындықтан пробация қызметкерлері әділет министрлігінде жұмыс жасайды. Кейбір жағдайларда пробация бөлімшелері әділет министрлігінің әкімшілік бірліктері болып табылады (мысалы, Румынияда, Молдовада, Латвияда және т.б.) басқа жағдайларда олар түрме департаменттерімен бірігеді (мысалы, Франция, Англия және Уэльс, Хорватия).

Бұл әділет органдарына тиесіліктен басқа, пробация әлеуметтік қызмет шеңберінде болатын елдер бар (мысалы, Шотландия, Германия, Каталония, Швейцария және т.б.). Пробация үшінші сектор ҮЕҰ тиесілі, үшінші топ елдері бар (Нидерланды, Австрия). Бірақ олар өз қызметін әділет министрлігінің басшылығымен және өкілеттігімен жүзеге асырады.

Пробация қызметкерлері Әділет министрлігімен немесе әлеуметтік қызметкермен тағайындалатын бірінші көрсетілген жағдайларда пробация қызметінің қызметкерлері негізінен мемлекеттік қызметшілер болып немесе арнайы мәртебесі бар мемлекеттік қызметшілер болып табылады. Олардың жағдайында мемлекеттік қызмет туралы Заң қолданылады. Егер пробация қызметкеріне мемлекеттік қызмет туралы айрықша мәртебе берілсе, олардың қызметін өздеріне қатысты арнайы заң реттейді.

Пробация қызметкерін ҮЕҰ тағайындайтын үшінші жағдайда пробация офицерлері жалақыларын еріктілер ретінде немесе келісімшарт негізіндегі қызметкерлер ретінде алады. Бұл Австриядағы пробация қызметі қызметкерлерінің айтқан басты сыни ескертулерінің бірі болып табылады.

Бұл шолу Еуропадағы пробация қызметін реттеудің мүмкін болатын шешу жолдарының кең алуандылығын көрсетеді. Осыдан барып, өзімізге қандайда бір жүйесін көшіріп алуға ұсынылмайды, керісінше, бұл біздің ұлттық аумақтық дәстүрімізге, ұлттық құндылығымызға, әдет ғұрпымызға, құқығымызға негізделген шешімге келуімізге себеп болуы қажет. Бұдан басқа аталған идеялар өзге елдерге қиындық туғызған шешімдерді қайталамауға көмектесер еді (мысалы, қызметкерлерді бір ұйымнан басқасына берудің салдары) [63].

2 ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗАҒА СОТТАЛҒАНДАРҒА ПРОБАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

2.1 Бас бостандығын шектеу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандарға пробацациялық бақылауды жүзеге асырудың ерекшеліктері

Бас бостандығын шектеу жазасы қылмыстық жазаның айтарлықтай жаңа түрі. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында 1997 жылға дейін жазаның бұл түрі қарастырылмаған. Сонымен қатар, ҚазКСР-дың 1959 ж. ҚК бас бостандығын шектеу жазасына ұқсас қылмыстық-құқықтық ықпал етуді қолдануға мүмкіндік болған. Ол жазаға – міндетті түрде мәжбүрлі еңбекке тартуы бар бас бостандығынан айыруға шартты түрде соттау жазасы (23-2 б.) жатқан [64].

Қазіргі таңда бас бостандығы шектеу жазасы қылмыстық жазаның негізгі түрі болып табылады. Бұл қылмыстық жазаның мәні сотталғанға пробацациялық бақылау орнатудан және оның еркіндігіне шектеу болатын белгілі бір міндеттемелер жүктеумен, сотталғанның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай уәкілетті мемлекеттік органның бақылауымен жүзеге асырылатын жаза түрі. Сонымен қатар, бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандар егер тұрақты жұмысы жоқ, оқу орнында оқымайтын болса, олар жергілікті атқартушы органдар айқындайтын орындарда мәжбүрлі еңбекке тартылады, оның уақыты жылына 100 сағаттан аспауы керек.

Мәжбүрлі еңбекке тартылмайтын санаттағы сотталғандарға мыналар жатады: тұрақты жұмыс орны барлар немесе оқу оқып жүргендер, кәмелет жасқа толмағандар, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар аналар, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жасқа толған және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жасқа толған және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер, жазасы алты айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар жатады [51].

Бас бостандығын шектеу жазасын орындау барысында тәжірибеде бірқатар проблемалар туындайды. Соладың бірі – ҚР ҚК-нің 73 бабына сәйкес жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру бойынша ҚР ҚК 73 бабының екінші бөлігіне, яғни жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру қолданылмайтын адамдар тобын кеңейтуге мынадай толықтырулар енгізуді ұсынар едік: *«...сонымен қатар, пробация қызметінің есебінде бола тұра бұрын бас бостандығынан айыру орындарынан жазаның неғұрлым жеңіл түрі қолданылып(ҚР ҚК 73 бабы) босатылған сотталғандар қаскөйлікпен жаза өтеу тәртібін бұзып, қайталама қылмыс немесе тәртіптік теріс қылық жасап бас бостандығынан айыру орындарына түскен жағдайда қолданылмайды».*

Аталған толықтыруға себеп болып бас бостандығынан айыру орындарынан ҚР ҚК 73 бабы қолданылып, жазасының өтелмеген бөлігі жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырылып ББШ түріндегі жазасын өтеуге пробация қызметінің есебіне қойылған сотталғандар сотпен жүктелген міндеттерін сақтамай, қайталама қылмыс жасаулары немесе жазаны өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұза отырып аталған құқық бұзушылықтары үшін қайта бас бостандығынан айыру орнына жіберілгеннен кейін де босатылып шығып пробация қызметінің есебіне қойылатын жағдайлар орын алған. Біздің бұдан байқағанымыз, сотталған өзіне соттың қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға ауыстырып, сынақ арқылы түзелуіне берілген мүмкіндікке немқұрайлы қарағанын көруімізге болады. Жазаларды орындаудың сапасын жақсарту мақсатында аталған толықтырудан оң нәтиже шығатынына сенеміз.

Осы ретте пробация қызметі тәжірибесінен орын алған мысалды келтіруді жөн санаймыз:

О.М. 16.06.2015 жылы Алматы қаласы Түрксіб аудандық сотының үкімімен ҚР ҚК 297 бабы 2 бөлігі, 14 бабы 2 бөлігі 1 тармағымен мүлкін тәркілей отырып, 6 жыл 2 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына ерекше режимдегі түзеу мекемесінде өтеуге сотталған.

13.12.2018 жылы Қарағанды облысы Абай аудандық сотының қаулысымен ҚР ҚК-нің 73 бабын қолданып, жазасының өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңіл жазаға 2 жыл 4 ай 15 күн бас бостандығын шектеуге ауыстырылған.

23.01.2019 жылы Алматы қаласы Түрксіб аудандық пробация қызметінің есебіне қойылады. Тегін медициналық көмек алуына және жұмысқа орналасу түріндегі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетілуіне жәрдем берілді.

Сонымен қатар, Алматы қаласы Түрксіб аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған уақытында сотталған О.М. бірнеше рет жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзған. Сотталған О.М. азаматқа қатысты бастапқа іздестіру шаралары жүргізіліп, 24.12.2019 жылы Алматы қаласы Түрксіб аудандық сотының қаулысымен оған қатысты іздеу жарияланып «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы тағайындалады.

13.03.2021 жылы Алматы қаласы Түрксіб аудандық ПБ КПБ қызметкерімен сотталған О.М. ұсталып, Алматы қаласының ПД УҰИ қамалады кейін ЛА-155/18 мекемесіне (тергеу изоляторы) жіберіледі.

18.03.2021 жылы Алматы қаласы Түрксіб аудандық сотына ББШ жазасын ББА жазасына ауыстыру туралы ұсыным жолданады. 18.03.2021 жылғы Алматы қаласы Түрксіб аудандық сотының қаулысымен пробация қызметінің ұсынымын қанағаттандырудан бас тартылады.

18.03.2021 жылы сотталған О.М. сот залынан босатылып, өзінің жазбаша хабарламасында тұрғылықты мекенжайын ауыстырғанын хабарлайды. Тұрғылықты мекенжайын: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Аршалы көшесі 58-а үйі деп көрсетеді. О.М. берген жазбаша хабарламасына сәйкес, Алатау аудандық пробация қызметкерлерімен О.М. мекенжайы бойынша тексеріледі, тексеру нәтижесі бойынша тұрғылықты мекенжайында болмайды, хабарламада көрсетілген 8-707-157-27-16 телефон номеріне қоңырау шалынады, телефон сөндірулі болады.

25.03.2021 жылы Алматы қаласы Түрксіб аудандық сотына О.М. қатысты бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсыным жолданады. Ұсыным сотта 14.04.2021 қаралып, пробация қызметінің О.М. қатысты жазасының өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсынымы тағы да қанағаттандырудан бас тартылады. Әрі қарай сотталған өзінің жазаланбайтындығын түсініп тұрғылықты мекенжайын ауыстырып басқа ауданға көшіп кетеді [65].

Әрі қарай біздің зерттеу тақырыбымызға сай ҚР ҚК-нің 73 бабына енгізуге ұсынатын толықтыруға негіздеме бола алатын тағыда бір тәжірибелік мысалға тоқталайық.

Азамат З.Р. Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 10.12.2018 жылғы үкімімен ҚР ҚК 293 бабының 2 бөлігі 3 тармағымен кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына сотталған. Сот үкімі бойынша пробация қызметінің рұқсатынсыз тұрғылықты мекенжайын, жұмыс орнын өзгертпеуге, қоғамдық орындарды спирттік ішімдік ішкен мас халде жүруге, түрлі нысандағы көңіл көтеру орындарына (мейрамханалар, кафелер, түнгі клубтар және т.б.) баруға тыйым салу міндеттерін орындау жүктелген. 01.10.2019 жылы Сарыағаш аудандық сотының қаулысымен ҚР ҚК 44 бабы 3 бөлігімен бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген 1 жыл 11 ай 10 күні бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылып, жазасын өтеуге түзеу мекемесіне жіберілген. Одан әрі 12.06.2020 жылы Шымкент қаласы Абай аудандық сотының қаулысымен ҚР ҚК 73 бабына сәйкес бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген 10 ай мерзімін бас бостандығын шектеу жазасына ауыстырылып, пробациялық бақылау белгіленген. Аталған сот қаулысы негізінде сотталғанға тұрғылықты жері бойынша пробация қызметінде тіркеуден өтуге, пробация қызметіне хабарламай әкімшілік-аумақтық бірлік шегінен тыс жерге кетпеуге, пробация қызметінің заңды талаптарын орындау,

пробация қызметі белгілеген күндері түркелуге және өзімен тәрбие жұмысын жүргізу үшін келіп тұру, кешкі сағат 22-00 ден таңғы сағат 06-00 дейін тіркелген тұрғылықты мекенжайы бойынша болу, жеке басын куәландыратын құжатты өзімен бірге алып жүру міндеттері жүктелген. Сотталған З.Р. қатысты сот құжаттары пробация қызметінің орындауына 07.07.2020 жылы келіп түскен. 07.07.2020 жылы сотталған З.Р. екінші рет пробация қызметіне жазасын өтеу үшін есепке қойылады. Есепке қою үшін сотталған З.Р. пробация қызметіне шақыртылып, оған жазаны өтеу тәртібі түсіндіріліп, сотпен жүктелген міндеттемелерімен таныстырылып, қолхат алынады және әр айдың 10 және 25 күндері пробация қызметіне тіркеуден өту үшін келу міндеті жүктеледі. Алайда сотталған З.Р. жазасын өтеу барысында пробация қызметі тарапынан жүргізілген профилактикалық түсіндірме жұмыстарынан тиісті қорытынды шығармай, жазаны өтеу шарттарын қаскөйлікпен бұзуға жол беріп, қоғамдық тәртіпке қарсы әкімшілік құқық бұзушылыққа тартылады (қоғамдық орында мас күйінде жүру ҚР ӘҚБтК 440 бабы 1 бөлігі бойынша). Отбасын материалдық қамтамасыз ету бойынша ешқандай жұмыс атқармайды аталған жазаны өтеу ережелерін бұзғандығы үшін сотталған З.Р. қатысты 11.08.2020 жылы сотқа бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсыным жолданады. 10.09.2020 жылы пробация қызметінің ұсынымы сотпен қаралып, қанағаттандырылудан бас тартылады. Дегенмен, сотталған одан әрі түзелу жолына түсудің орнына, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаның өтеу ережелерін қаскөйлікпен бұзып, пробация қызметінің бақылауынан жалтарады. 27.10.2020 жылы Түркістан облысы Сарыағаш аудандық сотымен сотталған З.Р. іздеу жарияланады. Іздеу жариялау туралы сот қаулысы негізінде 19.11.2020 жылы Сарыағаш аудандық полиция бөлімі қызметкерлерімен ұсталып, күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылған. Жазаны өтеу тәртібін бұзғандығы үшін сотталған З.Р. қатысты сотқа бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігін бас бостандығын айыру жазасына


ауыстыру туралы ұсыным жолданады. Аталған ұсыным сотпен 2020 жылы желтоқсан айында қаралып, қанағаттандырылады [66].

Берілген мысал бойынша сотталғанға қатысты ҚР ҚК 73 бабының нормаларын, яғни жазаның неғұрлым жеңіл түрін екінші рет қолданғаннан ешқандай тиісті нәтиже шықпағанын көрсетеді. Осылайша сотталғандар ҚР қылмыстық заңының барлық қатаңдығын түсінбейді және жазаны өтеу шарттарын барынша бұзып, түзелу жолына түспейді. Соттар қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды тағайындаған кезде ізгілікпен қарап, қоғамнан оқшауланбай түзелуге зор мүмкіндік береді, алайда бұл адамдар өздері үшін тиісті қорытынды жасамай және сот берген мүмкіндікті оңынан пайдаланбай, қоғамға сіңіспей, қайталап (бірнеше рет) құқық бұзушылықтарды жасайды. Демек, сотталған бас бостандығын шектеу жазасының өтеу ережелерін бұзғандығы үшін бір рет түзеу мекемесіне жіберілгеннен кейін өзіне тиісті қорытынды жасамай, жазасының белгілі бір бөлігі өткен соң жазаның неғұрлым жеңіл түріне қолдаухат жолдап, пробация қызметіне есепке тұрған соң одан әрі жазаны өтеу ережелерін сақтамай, қайта құқық бұзушылықтарға саналы түрде жол береді. Осы ретте, түзеу мекемелеріне қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаны өтеу тәртібін бұзғандығы үшін жолданған сотталғандарға қатысты ҚР ҚК 73 бабы бойынша жазаның неғұрлым жеңіл түрін қолдану мүмкіндігінен айыру туралы ұсынымымыз негізді болып табылады.

Біріншіден ізгілендіру шарттарына сәйкес ол сотталғанға бір рет мүмкіншілік берілген, екіншіден ол сотталғандар саналы түрде өздерінің жазаланбайтындықтарын сезіне отырып, және түзеу мекемесіне түскен жағдайдың өзінде бас бостандығынан айыру жазасының ауыр қылмыстар үшін – 3/1 бөлігі, онша ауыр емес ауырлығы орташа қылмыстар үшін – 4/1 бөлігі өткеннен кейін ҚР ҚК 73 бабына сай сотқа жүгіне алады. Сол себептен, ҚР ҚК 73 бабы 2 бөлігіне «жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру қолданылмайтын санатқа бір жаза түрі үшін осы баптың нормалары

қолданылған сотталғандарды қосу», деп толықтыру енгізу нәтижелі болар еді деп санаймыз.

Жалпы бұл толықтыруды бас бостандығын шектеу жазасына қатысты қолдану өз тиімділігін көрсетер еді деп есептейміз, себебі қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандар арасында ең көптағайындалатын жаза түрі осы – бас бостандығын шектеу жазасы болып. Мұны төмендегі кестеден байқауымызға болады:



Жоғарыда аталған мысалға қоса, тәжірибеде сотқа пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандар жазаны өтеудің шарттарын бұзғандығы үшін жолданған пробация қызметінің ұсынымдары көп жағдайда қанағаттандырудан бас тартылатындығын байқауымызға болады. Мысалы, бұдан байқағанымыз жаза өтеу тәртібін бұзған сотталған пробация қызметінің бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсынымы қанағаттандырудан бас тартылғаннан кейін сотталғандар өздерінің сотпен жүктелген міндеттемелеріне немқұрайлы қарап, одан әрі құқық бұзушылыққа жол беріп жатады. Соның салдарынан қайталама қылмыс жасау

фактілері орын алады. Есепте тұрған тұлғалар жазаны өтеудің шарттары мен тәртібін бұзған жағдайдағы жазаны ауыстыру туралы ұсынымды соттардың қарауының әртүрлі мысалдарын келтіруді жөн санаймыз.

Павлодар облысы Ақсу қаласының пробация қызметінің есебінде тұратын сотталған Д.А. 16.03.2020 жылы 2 ескертуі болған. Берілген құқық бұзушылықтарға сәйкес пробация қызметімен Ақсу қаласының сотына бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсыным жолданады.

16.03.2020 жылы аталған ұсыным Ақсу қалалық сотымен қараусыз қалдырылады.

Осы жағдайдан кейін сотталған Д.А. 13.07.2020 жылы сотталғанға қосымша тағы да 3 жазаны өтеу тәртібін бұзу туралы ескерту беріледі. Құқық бұзушылықтар бойынша Ақсу қалалық сотына пробация қызметімен сотталғанға бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсыным жолданады.

13.07.2020 жылы ұсыным қараусыз қалдырылады. Сотталғанға бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуге мүмкіндік беріліп, және 16.03.2020 жылғы қаулыда көрсетілген құқық бұзушылықтар қаралып және олар бойынша құқықтық баға берілген деген себеппен бас тартылады.

Аталған жайттан кейін сотталған өзіне тиісті қорытындыға келмей, әрі қарай жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзуды жалғастырады. 13.07.2020 жылғы сот қаулысы шығарылғаннан кейін сотталғанға тағы да 3 ескерту беріледі.

10.02.2021 жылы пробация қызметінің ұсынымы Ақсу қалалық сотымен қараусыз қалдырылады.

Пробация қызметінің ұсынымдары бірнеше рет сотпен қанағаттандырудан бас тартылғаннан кейін, сотталған Д.А. жасаған әкімшілік құқық бұзушылығы үшін сотқа бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген

бөлігін бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсыным жолданады.

04.08.2021 жылы Палодар облысы Ақсу қалалық сотымен Ақсу қалалық пробація қызметінің ұсынымы қанағаттандырудан бас тартылады. Оның себебі ретінде, сотталған Д.А. ұсыным сотқа берілген уақытта тек 1 ескертуі болған, яғни бір құқық бұзушылық жасаған. Алдыңғы берілген ескертулеріне тиісті құқықтық баға берілген деп көрсеткен.

Осыған ұқсас жағдай, тек басқа шешіммен.

Павлодар қаласының пробація қызметі 4 жазбаша ескерту берілген сотталған Б.К. қатысты сотқа бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсыным жолдайды.

27.06.2021 жылы Павлодар қаласының №2 қалалық сотының қаулысымен Павлодар қаласы пробація қызметінің ұсынымын қанағаттандырудан бас тартылады.

Ұсыным жолданғаннан кейін сотталғанға 1 ескерту жарияланады. Осыдан кейін 27.06.2021 жылғы сот қаулысы заңды күшіне енген соң пробація қызметі сотқа қайталама бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсыным енгізеді.

19.07.2021 жылы Павлодар қаласы пробація қызметінің ұсынымы қанағаттандырылып, сотталған Б.К. бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылады.

Сонымен қатар сот тәжірибесінен «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасы тағайындалған іздеу жарияланғаннан кейінгі пробація қызметімен бас бостандығынан айыруға ұсынымын қарастыру туралы мысалдар келтірілген.

14.04.2021 жылғы Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданының №2 аудандық сотының қаулысымен сотталғанға қатысты іздеу жарияланып, «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы тағайындалады.

М.Р. полиция қызметкерлерімен ұсталғаннан кейін, Алматы аудандық пробація қызметімен Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданының №2 аудандық

сотына сотталғанға қатысты ББШ жазасын ББА-ға ауыстыру туралы сұрағын шешу үшін ұсыным жолданады.

30.07.2021 жылы Алматы аудандық пробация қызметінің ұсынымы қанағаттандырусыз қалдырылады.

Осыған ұқсас тағы бір оқиға, тек басқа шешім шығарылған. Мысалы, 09.07.2020 жылғы Нұр-сұлтан қаласы Алматы ауданының №2 аудандық сотының қаулысымен А.Б. қатысты іздеу жарияланып «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы тағайындалады.

Сотталған А.Б. полиция қызметкерлерімен ұсталғаннан кейін, пробация қызметі Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданының №2 аудандық сотына бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру сұрағын шешу үшін ұсыным жолданады.

16.09.2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ҚАЖД Нұр-Сұлтан қаласы Алматы аудандық пробация қызметінің ұсынымы Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданының №2 аудандық сотымен қанағаттандырылады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан келетін қорытындымыз, егер де пробациялық бақылаудағы сотталғандарға дер кезінде тиісті шара қолданып, олардың өздеріне сот жүктеген міндеттемелерін тиісті деңгейде орындауын қадағаланатын болса, онда қылмыстылық дейгейі біршама азаяр еді.

Нарықтық қатынастардың дамуы шарттарында мемлекеттік органдар жүйесінде жұмыс жасайтындарға, кез-келген саланың жеке құрылымында қызмет атқаратын адамдардың кәсіби біліктілік деңгейіне деген талап жоғарылайды. Бұл үлкен қуат пен күш жұмсауды және сонымен қатар материалдық шығынды да талап етеді, себебі, таңдалған мамандық бойынша тиісті тәжірибе мен білім жинақтау шығынмен келеді. Бұл жағдайда белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасының ауырлығы жоғарылайды.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сотталғанның еңбек етуге деген құқық қабілеттілігін шектейтін жаза түрлеріне

жатады. Берілген жазаның мазмұны сотталғанның еңбек құқығын ішінара шектеуден тұрады және ҚР-ның Конституциясының 24 бабында бекітілген адамның еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығына, өзінің қалауы бойынша мамандық пен қызмет саласын таңдау құқығын шектеу болып табылады. Сонымен қатар, сотталғанның еңбек құқық қабілеттілігін шектей отырып, бұл жаза оның еңбек құқығын толық шектемейді.

ҚР ҚК 50 бабына сәйкес, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасының нормативтік сипаттамасына мемлекеттік қызметте белгілі бір лауазымды атқаруға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында немесе белгілі бір кәсіби не басқа да қызметтермен айналысуға тыйым салудан тұрады. Берілген жазаның мәні – сотталғанға қатысты мемлекеттік органдарда немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарында белгілі бір қызметпен айналысуға қатаң тыйым шығару жатады.

ҚР ҚК 50 бабына сәйкес, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Жалпы, «белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру» жазасының атауының терминологиясы іс жүзінде екі дербес жаза түрлерін қарастырады: а) мемлекеттік қызметте және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында лауазым атқару құқығынан айыру; б) белгілі бір кәсіби немесе басқа қызметпен айналысу құқығынан айыру, кәмелетке толмағандарға бұл жазаның екінші түрі белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түрі қолданылады (ҚР ҚК 81 б. 1 б.).

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы міндетті түрде тағайындалады және өмір бақи мемлекеттік қызметте жұмыс жасауға тыйым салудан, судья лауазымына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, ҚР Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік

ұйымдарында және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі 50 пайыздан көп болатын ұйымдарда қызмет атқару құқығынан айыру жазасы тағайындалады.

Бұл жаза түрі қосымша жаза ретінде егер, ҚР ҚК ерекше бөлігінің тиісті бабымен жаза қарастырылмайтын болса тағайындалмайды. Қандай да бір қылмыс үшін жасалған қылмыстың сипаттамасына және қоғамдық қауіптілік дәрежесін назарға ала отырып, кінәлілігін, жеке басын қарап, сот ол сотталушыға белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таниды. Егер де аталған жазаны бас бостандығынан айыру жазасына, қамаққа алу жазасына қосымша жаза ретінде тағайындалатын болса, онда ол көрсетілген негізгі жаза түрлерінің барлық уақытына таралады, бірақ жаза өтеу мерзімі қамаққа алу, бас бостандығынан айыру жазасы аяқталғаннан соң есептеледі. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы басқа негізгі жаза түрлеріне жазаны өтеуін кейінге қалдыру, шартты түрде соттау жазасына қосымша жаза ретінде тағайындалса, онда жаза мерзімі үкімнің заңды күшіне енген сәтінен бастап есептеледі.

Аталған жазаны тағайындаған кезде сот сотталғанға тек бір ғана нақты лауазымды атқаруға тыйым салмайды, сонымен қатар, белгілі бір белгісі арқылы біріккен топ лауазымынан айыруы мүмкін. Мысалы, көрсетілген мемлекеттік органдарда қаржымен басқару немесе материалдық ресурстарды бөлумен байланысты және т.б. бұл қызметтердің түрлері сотталушының үкімінде дәл және анық жазылуы қажет.

Жоғарыда келтірілген ережелер бойынша белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы орындалады. Енді, тағы бір қозғалатын мәселе, бұл жазаларды пробация қызметі нақты орындайтын уақытта сотталғанға қандай қызмет саласын атқаруға тыйым салынады, сол органға міндетті түрде сотталғанның үкімі мен оның тыйым салынған жұмысы туралы хабарлама жолданады. Мысалға, егер де сотталғанға көлік құралдарын жүргізуге тыйым салынатын болса, пробация қызметі

Әкімшілік практика басқармасына көлік жүргізу құқығынан айырылған сотталғанға қатысты хабарлама жолдайды. Осы ретте дәл осындай жаза түрі ӘҚБТК бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамға қатысты бұл жазаны әкімшілік полиция қызметі жүзеге асырады. Оның көлік жүргізу куәлігін алып қояды және белгілі бір мерзімге көлік жүргізуіне шектеу қояды. Сонымен қатар, іс жүзінде көлік жүргізу куәлігін әкімшілік полиция алып қояды, полиция қызметкерлері тексеру жүргізеді, ал пробация қызметі тек сұрау салу арқылы тексеру мүмкіндігіне ие.

Көлік жүргізу құқығынан басқа да жаза түрлерін алатын болсақ, мысалы, мемлекеттік органдарды лауазым атқару құқығынан айыру жазасы. Бұл жазаны орындау барысында хабарлама мемлекеттік қызмет істері агенттігіне жолданады. Бірақ, мемлекеттік қызметке ҚР мемлекеттік қызметі туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Заңында айқындалған шарттар бойынша соттылығы бар, тәртіптік теріс қылық үшін жауаптылыққа тартылған адамдар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар мемлекеттік қызметке қабылдана алмайды. Яғни, егер де адамда сот үкімі арқылы мемлекеттік қызметпен айналысуға шектеу қойылатын болса, ол адам мемлекеттік қызметке қаласа да кіре алмайды. Себебі бұл ереже заңда бекітілген. Ал пробация қызметі өз кезегінде тек хабарлама жіберіп тыйым салынған қызмет түрін хабарлайды және пробация есебіндегі сотталғанға қатысты қандай да бір ақпарат тіркелетін болса, дереу пробация қызметіне хабарлануын сұрайды. Сонымен қатар, бұл жаза түріне сотталған адамдар жаза өтеу тәртібін бұзатын болса, қолданылатын шаралар заңда нақты жүйелі түрлері айқындалмаған. Тек жаза өтеуден жалтаратын болса, оған қатысты бастапқы іздестіру шаралары қолданылып, сотқа ұсыным жолдана алады. Аталған жаза түріне сотталған адамдарға «Бүркіт» базасы арқылы ҚР аумағынан шығуға шектеу қойылмайды. Бұл жазаның мәні тек өзіне сотпен тыйым салынған қызмет түрімен айналысуына болмайтындығы. Тағы қосатын бір жайт, белгілі бір қызметпен айналысу

құқығынан өмір бойына айырылған сотталғандарға қатысты тізбесі айқындалған арнайы ұйымдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың әкімшіліктері орындайды.

Салыстырмалы түрде кейбір шетел мемлекеттерінде аталған жаза түрі қалай орындалатынын қарайтын болсақ, Әзірбайжан Республикасының 14.07.200 жылғы жазаларды орындау Кодексінің V бөлігі 33 бабында «Белгілі бір лауазымдарды атқару не белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындамаудың салдары», деген бап бар. Бұл бапта екі бөлік қарастырылған. 33.1 бөлігінде «осы жазаға сотталған адам үкім бойынша тыйым салынған жұмысқа орналасатын болса, немесе үкіммен тыйым салынған қызметпен айналысатын болса, орындаушы шенеунік бұл туралы жұмыс берушіге хабарлайды, сотталғанға үкіммен тыйым салынған қызметті тоқтатуды ұсынады және үкімді орындамағаны үшін туындайтын жауаптылық туралы ескертеді.», деп жазылған.

33.2 бөлігінде: «Белгілі бір лауазымдарды атқару не белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру жазасына сотталған адам жазаны өтеуден қаскөйлікпен жалтаратын болса, сонымен қатар, лауазымы адам белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру түріндегі жазаны қаскөйлікпен орындамайтын болса, олар Әзірбайжан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жауаптылықта болады.», деп көрсетілген[67]. Бұл шетел тәжірибесінен байқағанымыз, біздің заңнамамызбен салыстырғанда, жазаны өтеу шарттарын бұзғандығы үшін белгілі бір жауаптылық көзделген. Ал, біздің әрекет етуші ҚАК нақты бұндай салдар аталып қарастырылмаған. Бұл бір мәселе болып табылады.

Осы ретте белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасының кейбір проблемалық мәселелерден тағы біреуінен мысал келтіруге болады. Келтірілетін мысал бойынша азамат Қ. ҚР ІІМ ҚАЖК арыз жолдайды. Ол өзінің арызында: «Мен 2020 жылы жол көлік оқиғасын жасап, ҚР ҚК 345 бабы 1 б. бойынша сотты болдым. Мені 80 сағат қоғамдық жұмыстар жасауға және 1


жыл көлік басқару құқығынан айырды. Мен 80 сағат қоғамдық жұмысымды өтедім. Басқа қалаға жұмыс бабымен кетуім үшін (вахталық жұмыс) пробацацияға барып түсініктеме жазып, маршруттық парақша алып кетіп, билетті көрсет деп қайта қайта келуімді талап етуде. Сұрағыма инспектор мен бастық дұрыс жауап бермейді. Сұрағым: көлік жүргізу құқығынан айырылғандығым үшін де мен жұмысқа немесе басқа қалаға кететін жағдайда пробацацияға ескертіп, міндетті түрде барып маршруттық қағаз толтыруым керек пе? Менің көлік басқармауымды жол көлік полициясының қадағалауы жеткіліксіз бе?» деген 20.01.2021 жылғы №662808 арызын ҚАЖ комитетіне жолдаған. ҚР ҚАЖК сотталғанның арызы бойынша тиісті жауап берген. Жауабында ҚР ҚАК 24 және 74 бабы бойынша түсіндіреді. Аталған арыз бойынша пробацация қызметінің талабы орынды болып табылады. Бірақ бұл жаза түрі ҚАК жазаны өтеу шарттарын бұзғандығы үшін пробацация қызметі тарапынан қолданылатын шаралар жүйесі орын таппағандықтан осындай сұрақтар туындауы мүмкін. Оның көрінісі болып, нақ осындай көлік басқару құқығынан айыру түріндегі қолданылатын тыйымды ІІМ Әкімшілік полиция комитеті жүзеге асырады. Яғни, дәл осындай көлік басқару құқығынан айыру туралы құқық бұзушылықтар үшін ҚР ӘҚБтК 30-тарауында қарастырылған, тек бұл жерге жауаптылық әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін көзделеді. Ал, жалпы қолданылатын жазаның мәні біреу болып табылады. Көлік жүргізу құқығынан айыру түріндегі шешім қабылданған сот үкімі жазаны атқару органы қылмыстық-атқару жүйесі пробацация қызметіне орындауға түскен соң, пробацация қызметі сот үкімінің көшірмесін әкімшілік практика басқармасына жолдайды. Сол себептен пробацация қызметінің осы жазаға сотталған адамдарға жаза өтеу тәртібін сақтамағандықтары үшін қолданылатын шараларды ұсыну негізді деп санаймыз.

Сонымен бұл проблеманы шешу үшін ҚР ҚАК-нің 74 бабы 3 бөлігіне мынадай толықтыру енгізуді ұсынамыз: *«Егер белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылған сотталған жаза*

өтеу барысында өзіне сотпен жүктелген тыйымды орындамайтын болса және бұл факт анықталған жағдайда, сотталғанға қатысты пробация қызметі белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазасының өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ескерту жариялайды. Жаза өтеу шарттарын қаскөйлікпен бұзған сотталғанға қатысты пробация қызметі сотқа жазасын ауыстыру туралы ұсыным жолдайды».

Берілген толықтыру арқылы бұл жаза түрі сапалы орындалатын болады. Себебі, жазаны өтеудің шарттарын бұзған сотталғанға қатысты нақты жүйеленген шаралар тізбесі анықталған. Нақтырақ айтатын болсақ, сот үкімімен тыйым салынған қызмет түрімен айналысқан сотталғанға қатысты пробация қызметі қатаңырақ шара қолдану мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы сотталғандар өз жауаптылықтарын сезінулеріне ықпал етеді. Жазаны өтеу шарттарын «қаскөйлікпен» бұзғандарға қатысты «ескерту» жарияланып, жазаларының өтелмеген бөлігін ББШ және ББА жазасына ауыстыру туралы сотқа ұсыным жолдау мүмкіндігіне ие болады.

ҚР ҚАЖК статистикалық мәліметтері бойынша төмендегі кестеден пробация қызметінің есебінен өткен белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталған адамдар санын хронологиялық көрсеткіштен көруге болады: 2019 жылы – 666, 2020 жылы – 720, 2021 жылы – 556, 2022 жылдың 2 айында –350 сотталған өткен[68].



Берілген бөлімді қорытындылайтын болсақ, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны атқару кезінде туындайтын проблемалар бойынша ҚР ҚК 73 бабының 2 бөлігіне енгізуге ұсынып отырған толықтыруымыз, яғни, түзеу мекемесінен бас бостандығын жазаның неғұрлым жеңіл түрі қолданынылып бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу жазасына ауыстырылып босатылған сотталған адам, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің шарттарын қасақана қаскөйлікпен бұза отырып, немесе қайталама құқық бұзушылық, қылмыс, тәртіптік теріс қылық жасап немесе қоғамдық қауіпсіздікке қарсы әкімшілік құқық бұзушылығы үшін жазасының өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылып бас бостандығынан айыру мекемесіне түскен жағдайда оған қатысты ҚР ҚК 73-бабының номаларын қолдану құқығынан айыруды ұсынамыз. Сонымен қатар белгілі бір лауазымды атқару және белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазасына сотталған адамдар жаза өтеу шарттарын бұзғандығы үшін оларға пробация қызметі тарапынан шетел тәжірибесіне сүйене отырып, шара қолдану туралы толықтыру енгізу туралы ұсынысымыз негізді болып табылады. Аталған өзгерістер арқылы жазаны орындау сапалы жүзеге асырылатындығына септігін тигізетіндігіне сенеміз.

2.2 Пробация қызметінің айыппұл және түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау кезіндегі қызметінің негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасы бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың қатарына айыппұл мен түзеу жұмыстары жатады. Айыппұлға тоқталар болсақ, бұл жаза ҚР ҚК 41 бабы 1 бөлігіне сәйкес ҚР ҚК көзделген шекте, ҚР заңнамасымен белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған сәтінде қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде немесе параның сомасына немесе құнына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақша өндіріп алу. Айыппұлдың мөлшерін жасалған қылмыстың ауырлығы мен сотталған адамның мүліктік жағдайын ескере отырып сот белгілейді. Айыппұл түріндегі жаза сотталғанның тұрғылықты жері бойынша орындалады және оны сот орындаушысы атқарады (айыппұл негізгі жаза ретінде немесе қосымша жаза ретінде, мысалы шартты түрде сотталған кезде), атқару парағы сот орындаушысына тұрғылықты жері немесе жұмыс орны, немесе мүліктің орналасқан жері бойынша беріледі. Егер жаза тұрғылықты жері бойынша орындалмаса, (айыппұл бас бостандығын шектеуге, қамаққа алуға, бас бостандығынан айыруға сотталу кезінде қосымша жаза ретінде) атқару парағы түзету орталығының, қамау үйінің немесе жаза өтеу мекемесінің әкімшілігіне жіберіледі. Егер сотталған адам жұмыс істесе, атқару парағы сотталғанның жұмыс орны бойынша ұйымға жіберіледі. Егер сотталған жұмыс істемейтін жағдай болса, сот орындаушысы үкімді атқарудың ескіру мерзімі шегінде оның мүлкін анықтауға шараларды қабылдайды. Егер үкімді орындау уақытында сотталғанның тұрғылықты жері, жұмыс орны немесе мүліктің орналасқан жері өзгертін болса, немесе анықталған мүлік айыппұлды өндіріп алуға жетпейтін болса, онда сот орындаушысы бұл туралы актіні тез арада жасап, келесі күннен кешіктірмей сол актінің көшірмесін атқару парағымен қоса жаңа тұрғылықты жері немесе мүліктің орналасқан жері бойынша сот

орындаушысына жібереді. Бұл туралы қылмыстық істі қараған және атқару парағын берген сотқа бір уақытта хабарланады. Балама жазалардың бірі- айыппұл.

Токио БҰҰ ережелерінің терминологиясына сәйкес айыппұл экономикалық санкцияларға жатады. Шын мәнінде, бұл бір реттік жаза, оның орындалуы айыппұлды толық төлеу кезінде аяқталады. Сотталушының қандай құқықтары мен бостандықтары айыппұлды шектейді? Оны ұстауға жүгіну айыппұлдың ақшалай өндіріп алу ретінде сотталушының мүліктік, мүліктік құқықтары саласына әсер ететінін көруге мүмкіндік береді. Сотталған адам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде "Жоғалтатын" ақша қаражатына меншік құқығы оның мәжбүрлеп ықпал ету объектісі болып табылады. Нарықтық экономика және қазіргі әлеуметтік шындық жағдайында бұл айтарлықтай айқын, ауыр құқықтық шектеу. Айыппұлдың төменгі шегі-200 АЕК, ал жоғарғы шегі-10 000 АЕК. Бүгінгі таңда бұл 29 170 000 теңге ақша сомасына баламалы. Қылмыстық теріс қылық жасаған кезде айыппұл мөлшері едәуір аз және 20-дан 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерді құрайды. Егер сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін айыппұл тағайындалса, басқа ереже жұмыс істейді. Сонда ол параның, алынған кірістің немесе бюджетке түспеген төлемдердің еселенген сомасы болады. Бұған, атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін шенеуніктерге тағайындалған миллиардтаған айыппұлдар дәлел бола алады. Сотталғандардың мұндай айыппұлдарды қандай көздерден төлейтіні таңқаларлық. Олардың мақсаты қазіргі қазақстандық қоғамда қалыптасқан әлеуметтік стратификацияның ауқымын айқын көрсетеді. ҚР ҚК 41-бабының 3-бөлігіне сәйкес сотталған адамның мүліктік жағдайы уақытша нашарлаған жағдайда, сот айыппұл төлеуді 1 айдан 1 жылға дейін кейінге қалдыра алады. Еселенген айыппұл төлеуден қасақана жалтарған жағдайда, оны сот бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстырады.

Қазақстанда, посткеңестік кеңістіктегі көптеген мемлекеттердегідей, айыппұл сот тәжірибесінде айтарлықтай таралмады. Бұл халықтың әлеуметтік

әл-ауқатының деңгейіне, сотталғандардың көпшілігінің төлем қабілеттілігінің төмен болуына және соттардың айыппұлдың орындалатынына қауіптенуіне байланысты. Керісінше, Батыс Еуропа мемлекеттерінің, сондай-ақ АҚШ-тың, Жапонияның тәжірибесі айыппұл салудың жоғары жиілігін көрсетеді. Осыған байланысты, В. А. Уткин «айыппұлдарды орындаудың құқықтық тетігін дамытумен бірге азаматтардың материалдық жағдайының деңгейін көтеру болашақта соттар тағайындайтын шаралар құрылымындағы айыппұл үлесін арттыруға мүмкіндік береді» деп жазады.

Ал түзеу жұмыстарына келер болсақ, ол қылмыстық жаза түрінде кеңестік мемлекеттің алғашқы заң актілерінде қарастырылғаны белгілі. Уақыт өткен сайын оның аталуы (міндетті, қоғамдық, мәжбүрлеу, еңбекпен түзеу, түзеу) біресе өзгеріп, немесе жойылып, не жаңа құқықтық шектеулер пайда болып сан алуан құбылды, бірақ осы жазаның негізгі сипаты сол қалпында қалған. Көптеген зерттеушілер түзеу жұмыстарын қылмыстық жаза деп санайды. Соның кейбіреуіне тоқталып өтсек.

«Түзеу жұмыстарының мәні ретінде сотталған адам бұрынғы жұмыс атқаратын орнынан, тұратын жерінен ауыстырлмай, қоғамнан оқшауландырылмай-ақ еңбекпен түзеу ықпалына түседі». Түзеу жұмыстары – бұл сотталған адамның еңбекпен тапқан табысының белгілі бір бөлігін ұстап қалу арқылы еңбекке тартуды жүзеге асыратын жазаның жеделдетілген түрі[69].

«Түзеу жұмыстары – бұл сотталған адамды қоғамнан оқшауламай-ақ жүзеге асырылатын жазалау мен тәрбиелеу элементтерінің жиынтығы, жазалаудың, режимнің еңбекпен түзеу мен идеялық-саяси ықпал етудің қосындысы.» [70].

«Түзеу жұмыстары ... – бұл сотталған адамның өзі тұратын жерінде міндетті түрде еңбек атқаруымен, тәрбиелеу жұмыстарын жүргізумен ұштасқан, тапқан табысының белгілі... бір бөлігін ұстап қалумен және

құқықтарының белгілі бір дәрежеде шектеулермен..., сондай-ақ үстінен үнемі қадағалап отырумен жүзеге асырылатын жазаның түрі» [71].

«Түзеу жұмыстарына тән белігісі сотталған адамға еңбектің әсерімен тәрбие беру болып табылады. Мұндай жазаға сотталушы оны өтеуге қатысты белгілі бір шектеулерге (жалақысынан ұстап қалу және т.б.) тап болады. Осы айтылған екі ерекшеліктің жиынтығының өзі-ақ қарастырып отырған жаза түрінің мәні мен міндеттерін анықтап береді» [72].

Айтылған анықтамаларды қорытындылай келе, бұл жаза түрінің ең маңызды деген мынадай белгілерін атап көрсетуге болады:

1. Түзеу жұмыстарына сотталған адамның еңбек ету міндеттілігін;
2. Жазасын өтеп жүрген кезінде сотталған адаммен міндетті түрде тәрбие жұмыстарын жүргізу қажеттілігін;
3. Түзеу жұмыстарын өтеуге сотталған адамның белгілі бір мүліктік құқығынан айырумен байланысты болуы тиіс (мысалы, қазіргі уақытта жәбірленушілерге өтемақы қорына табысының белгілі бір үлесін ұстап отыру);
4. Сотталғандардың түзеу жұмыстарын олардың негізгі жұмыс орнында өтеуі.

Түзеу жұмыстарының құқықтық мәртебесі оның атауында тұр, яғни, сотталған адам ерекше бір түзеу жұмыстарын атқаруы қажет. Сонымен бірге, сотталғандар жұмыс істеп, оған төленетін ақының белгілі бір бөлігі мемлекет пайдасына ұсталып отырады. Егер мемлекет пайдасына сотталған адамның табысының белгілі бір бөлігі аударылмай, түспей жатқан болса, ондай жағдайда жазаның өтелу мерзімі жүріп жатыр деп есептеуге болмайды, сол себептен, сотталған адам еңбек етуге мәжбүр болады. Сотталушының еңбек ету міндеттемесі жазаның өзіндік ерекшелігіне тән және ол мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылады.

Еңбек ету қажеттілігінен туындайтын бұл жазаның ерекшелігін ескере отырып, кез-келген еңбек қылмыстық жаза мақсатына, яғни сотталған адамды дұрыс жолға түзеуге қызмет етеді. «Еңбек қайта тәрбиелеуі және түзеуі үшін –

сотталған адам өзінің сол еңбегінің, біріншіден, қоғам үшін, екіншіден, өзі үшін пайдалы қызмет екендігін түсініп, сезіне білуі қажет. Қоғамға пайдалы еңбек қана бұрынғы қылмыскерді түзу жолға салуда берік құрал бола алады», деп жазады И.А. Бушуев [70, с.25].

Біз осы аталған ғалымдардың пікірімен келісеміз, себебі әр уақытта еңбек ол кез-келген адамды, мейлі, сотталған болсын, сотталмаған болсын барлығын қоғамда дұрыс жүріп-тұруының негізгі алғышарты болып табылады. Еңбекпен қамтылған адамның уақыты дұрыс жоспарданумен қатар өмір сүруі үшін қажетті тұрақты табыс көзі болады. Сонымен қатар, қылмыстылыққа деген, жаман әдеттерді ойлауға уақыты шектеулі болып, өмірінің мазмұны дұрыс болуына септігін тигізеді.

Түзеу жұмыстары еңбекке жарамсыз деп танылған, тұрақты жұмыс орны жоқ немесе өндірістен қол үзбей жоғары оқу орындарында оқитын адамдарға тағайындалмайды. Мұндай жағдайда сотталған адамды қоғамдық пайдалы еңбекке тарту қылмыстық жазаның мақсатқа жетуінің құралы болып саналатынын ескеретін болсақ, жұмыс істеуден бас тарту сотталған адамның құқықтық жағдайын нашарлата түседі де осы жерде құқық қорғау органдары тарапынан белгілі бір санкция қолдануға тура келеді. Сотталған адам еңбегінің және еңбекке мәжбүрлеп тартудың бірінші айрықша ерекшелігі осымен көрінеді. Ол тек амалсыздықты ғана емес, оның еңбегінің мәжбүрлі сипатын да айқындайды. «Түзеу жұмыстары» деген жазаның өзі оны өтеу кезінде сотталған адамның белгілі бір жұмыс түрін сапалы орындауын талап етуді, өзінің объективті қабілетіне қарай еңбектің адамды түзетуде шешуші рөл атқаратынын білдіреді. Сотталған адам еңбегінің екінші өзіне тән ерекшелігі осында. Дәл осыған байланысты сотталған адам осы жаза түрін атқарушы органның келісімінсіз өзі қалаған, таңдаған жерінде жұмыс істей алмайды [73].

Кез-келген жаза түрлері сияқты қылмыстық жазаның да белгілі бір мақсаты болады, өзіндік мәжбүрлеу шарасы бар және ол сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарынан айырады немесе шектейді. Ол белгілі бір

дәрежеде ақылға сыйымды, істеген әрекетіне қарай лайықты, тән азабын шектіруді және сотталған адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпеуі тиіс, сондықтан ол жазаны атқарушының ойлағанындай емес, заңға негізделген болуы тиіс.

Түзеу жұмыстарына сотталған адамға қатысты бір тәжірибелік мысал келтіретін болсақ, 07.10.2020 жылы азамат Н. Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының үкімі бойынша ҚР ҚК 345 бабы 1 бөлігімен кінәлі деп танылып, негізгі жұмыс орны бойынша түзеу жұмыстарына тартылып, 80 АЕК сол кездегі ақша сомасы бойынша 222 240 (екі жүз жиырма екі мың екі жүз қырық) теңге, ай сайынғы жалақысынан 25% (жиырма бес) ұсталып, жәбірленушілерге өтемақы қорына аудару жазасы тағайындалған. Сотталған Н. Алматы облысы бойынша ҚАЖД Қапшағай қалалық пробация қызметінің есебіне 05.11.2020 жылы қойылады. Сотталған Н. негізгі жұмыс орын бойынша жазасын үкімге сай өтеп, 27.12.2021 жылы жаза мерзімінің аяқталуына байланысты Қапшағай қалалық пробация қызметінің бақылау есебінен шығарылады. Егерде, аталған 80 АЕК уақыты бойынша есептейтін болсақ, сотталған Н. тұрақты жұмыс орны бойынша бұл соманы бір жылдан аса уақытта өтеп болған. Бірақ, көбінесе, тәжірибеде түзеу жұмыстарына сотталған адамдар тұрақты жұмыс орнынан шығып кетуі немесе оларды жұмыстан шығарып жіберулері мүмкін. Сондай жағдайларда бұл жазаны өтеу мерзімі айтарлықтай ұзарып кетеді. Яғни, берілген ақшалай түзеу жұмысы белгілі себептерге байланысты орындалу мерзімі ұзара береді. Жоғарыда келтірілген мысалда, егер сотталған Н. 222 240 теңгені жәбірленушілерге өтемақы қорына 1 жыл 1 ай 22 күнде толығымен өтеп болып есептен шығарылады. Ал, енді осы соманы уақытқа шағып қарайтын болсақ, сотталған Н. ай сайын жалақысының шамамен 15875 (он бес мың сегіз жүз жетпіс бес) теңгеден аударып отырған. Осыдан барып, сотталған Н. ай сайынғы жалақы мөлшерін шығаратын болсақ, ол айына шамамен 63500 (алпыс үш мың бес жүз) теңге алып отырған. Бұл жағдайда сотталған оң тәртіпте мінезделетін, тұрақты жұмыс орны бар,

отбасылы, тұрғылықты мекенжайы бар сотталған болып табылғандықтан жаза өтеу тәртібін бұзбай сотпен жүктелген міндеттемесін тиісті орындаған [74].

Келтірілген мысал арқылы, түзеу жұмыстары мен айыпшұл түріндегі жазаның ұқсастықтарын аңғаруымызға болады. Айтарлықтай көп сома емес, 80 АЕК мөлшеріндегі жазаны тұрақты жұмыс орны бар, тұрғылықты жері бар сотталғанның өзі 1 жылдан аса уақытта атқарғанын байқап отырмыз. Сонымен қатар бұл келтірілген мысалда сотталған адам оң тәртіпте мінезделетін, жаза өтеу шарттарын бұзбаған сотталған болып табылғанын ескергеніміз жөн. Тәжірибеде түзеу жұмыстарына тартылған теріс мінезделетін де сотталғандар да болатынын қарастыратын болсақ, бұл жаза түрінің орындалу уақыты едәуір созылатынын білдіреді және осы арқылы осы жаза түрінің тиімсіздігін аңғартады.

ҚАЖ Комитетінің статистикалық мәліметтерімен дәлелденіп тұрғандай соттармен түзеу жұмыстары қылмыстық жаза ретінде өте сирек тағайындалады. 2010 жылдың 1 қаңтарында бүкіл республика бойынша түзеу жұмыстарына –78 сотталғанға тағайындалған (қылмыстық жазасын өтеп жатқандардың барлығының 0,10%), 2011 жылдың 1 қаңтарында – 93 сотталған (0,13%), 2012 жылдың 1 қаңтарында – 70 сотталған (0,11%). Кәмелеттік жасқа толмаған адамдар түзеу жұмыстарына сотталған болса, егер оларда жазаны өтеудің тәртібін қаскөйлікпен бұзуы орын алмаса, олар жаза мерзімінің: онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыс үшін жаза мерзімінің төрттен бір бөлігі өткен соң, не ауыр қылмыс үшін үштен бір бөлігі өткен соң шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады [68].

Түзеу жұмыстары түріндегі жаза – сәтсіз жаза түрі. Нақтырақ айтатын болсақ, бұл жаза түрі ескірген және заманауи заңнаманың шарттарына сай келмейді.


ҚР ҚАК 52 бабына сәйкес түзеу жұмыстары сотталғанның жұмыс орны бойынша ай сайынғы жалақысынан мемлекет кірісіне 10 пайызынан 50 пайызға дейін аударудан тұрады. Қазіргі заманғы нарықтық шарттарда көптеген жұмыс

орындары жеке меншікте болғандықтан, жұмыс берушіге қылмыстық жазаға тартылған қызметкерін жұмыстан шығарып жіберу қиындық тудырмайды және көбінесе тәжірибеде осындай жағдайлар орын алуда. Мұндай жұмыс берушіні психологиялық тұрғыда түсінуге болады, себебі, пробациялық есепте тұрған адамға қатысты мінездеме беру үшін оны құқық қорғау органдарына шақыру фактісінің өзі тезірек ондай қызметкерден құтылу сезімін тудырады. Сондықтан сот үкім шығаратын уақытта бұрын жұмысы болған сотталушының үкім шығар уақытта жұмыссыз қалуы ғажап емес, осыдан барып соттың түзеу жұмыстары түріндегі жазаны тағайындауға құқықтық негіздері болмайды. Басқа сөзбен айтар болсақ, «сотталғандар жұмыс істейтін ұйымда жұмыс орнын қысқарту немесе тарату» емес, жай ғана қылмыстық жауапкершілікке тартылған қызметкерді жұмыстан шығару деп айтуға болады.

Бұл бөлімде қарастырылып отырған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаның түрлерінің бірі – айыппұл және түзеу жұмыстары. Баяндалғаннан байқағанымыз, бұл екі жазаның да құқықтық салдары ұқсас, ол – ақшалай өндіріп алу болып табылады. Бірінші нұсқада, яғни айыппұл жазасы үкімде белгіленген мерзім ішінде сот тағайындаған айыппұл сомасын төлеуге міндеттенеді. Екінші нұсқада қарастырылып отырған жаза – түзеу жұмыстарында – сот үкімі бойынша жаза мөлшерін толық өтегенге дейін жәбірленушілерге өтемақы қорына жалақысының (ақшалай үлесінің) 10 пайыздан 50 пайызға дейінгі мөлшерін ай сайын аударып, сотталған адамның негізгі жұмыс орны бойынша орындалады. Яғни, екі жаза түрінде де ақшалай өтем беру қарастырылған. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, түзеу жұмыстары түріндегі жаза өте аз деңгейде қолданылады және ол өзінің тиімділігін осы уақыт аралығына дейін дәлелдеген жоқ. Керісінше жыл өткен сайын қолданылу деңгейі азайып барады. Сондықтан, тәжірибедегі статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, бұл жаза табиғаты бойынша айыппұл жазасына ұқсас болғандықтан, түпкі мақсат ақшалай қиындық көрсету

арқылы жазаны сотталғанға ықпал ету болғандықтан , қолданылу аясы тар жазаны, яғни, түзеу жұмыстарын ҚР ҚК алып тастауды ұсынамыз.

Осы ретте 2016 жылдан 2020 жыл аралығында жалпы қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандар арасында түзеу жұмыстарына сотталғандардың үлесі 0,1% құраған. Ал 2020 жылы 0,05% құраған. Төменде берілген кестеден түзеу жұмыстарына сотталғандар санының 2016-2021 жылдар аралығындағы көрсеткішін байқауымызға болады.



Кестеден байқағанымыздай, жыл өткен сайын түзеу жұмыстарына сотталғандар санын азайып бара жатқанын көруге болады. (2016 жылы – 103, 2017 жылы – 104, 2018 жылы – 65, 2019 жылы – 43, 2020 жылы – 36, 2021 жылы – 20 сотталған пробация қызметінің есебінен өтті.) [68].

Қорытындылай келе, түзеу жұмыстарын қылмыстық кодекстен алып тастау арқылы артық қағазбастылықтан және тиімсіз жаза түрлерін орындаудан құтылуымызға болады. Бүгінгі нарықтық қатынастардағы заманда ешқандай сотталғанға жалақысы аз төленетін болсын, көп төленетін болсын жұмыс орнын табу біріншіден өте қиын, екіншіден, жұмыс табылғанның өзінде де жалақысының 10 пайызынан 50 пайызға дейінгі мөлшерін жәбірленушілерге өтемақы қорына аудару сотталғанға біршама қиындық тудырады. Түзеу жұмыстары түгел, бүгінгі күнде туған балаларына алимент берешегін төлемей жүрген адамдар қаншама. Сол себептен, бұл жаза түрінің болашақта да

қолданылу аясы және тиімділігі артатындығына үлкен күмән бар. Ақша өндіру арқылы сотталғанға ықпал ету қажет болса, оның тиімді түрі қолданыстағы айыппұл түріндегі жазаға тарту болып табылады. Бұл жазаны қолдану арқылы сотталған егер де үкім бойынша белгіленген айыппұл сомасын өтейтін болса, алдағы уақытта оның жүріп-тұру, еңбек ету еркіндігіне ешқандай шектеу болмайды. Ең басты мақсат, үкім бойынша тағайындалған ақша сомасын берілген мерзімде төлесе болағаны. Сондықтан, тиімсіз жазаны алып тастау арқылы біз жазаның мақсатына да жете аламыз.

2.3 Қазақстан Республикасындағы пробация қызметінің жұмысын жетілдірудің жолдары

Замануи саяси және әлеуметтік-құқықтық процестердің жаһандық сипаты әлемдік қоғамдастықтың ешбір мемлекеті қылмыстық іс-әрекет жасаған адамдарға қатысты қолданылатын ізгілік бастауларын жоққа шығара алмайды. 1990 жылғы 14 желтоқсандағы №45/110 БҰҰ Бас Ассамблеясының Резолюциясында, «... қылмыстық құқықтық түпкі мақсаты құқық бұзушыны қоғамдағы өмірге қайтару болып табылады» деп айтылған. Қазақстандық және ресейлік ғалымдардың өкілдері әрекет етуші қылмыстық-атқару тәжірибесіне өзгеріс енгізу қажеттігіне назар аудартады. Олардың ойларынша «түрме халқы индексінің» көбеюі мемлекет беделіне нұқсан келтіріп қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді.

Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесін модернизациялау элементі ретінде пробация институты аясында әрекет ететін арнайы қызметін құру болып танылған. Бұл тәжірибе көптеген жақын және алыс шетелдердің құқыққолдану тәжірибесінде сәтті жүзеге асырылып келеді. Сотталғандарға қатысты атаулы түзетіп ықпал ету қағидасы ҚР 2010 жылғы 29 сәуірдегі №271-VI «Құқық бұзудың алдын алу» Заңында белгіленген. Бұл заңдақиян өмірлік жағдайда қалған адамдарға әлеуметтік бейімдеу және

оларды әлеуметтік қалпына келтіру міндеті қарастырылған. Құқық бұзушыларға қылмыстық және қылмыстық-атқару ықпал етудің және пробация қызметі деген арнайы органды құру қажеттілігі туралы концептуалдық ойдың бастамасы ҚР 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат Тұжырымдамасынан бастау алған. 2012 жылдың басында тиісті заңдық шаралар қабылданып, қылмыстық-атқару инспекциялары пробация қызметі болып қайта құрылған. Бұл қызметке бақылау міндетінен басқа есепте тұрған адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету қызметі жүктелген.

Саяси-құқықтық айналымға пробация мемлекеттік құқық қорғау саясатының нақты көрінісі ретінде ҚР 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №38- VI «Пробация туралы» Заңымен енгізілді. Бұл қадам ҚР Президентімен 2015 жылы бекітілген «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» Бағдарламасымен алдын ала белгіленген болатын. Ұлт жоспарының 33 тармағында «пробация қызметінің есебінде тұратын және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылып шыққан азаматтарға тиімді әлеуметтік бейімдеу жүйесін» құру міндеті тұжырымдалған [11].

ҚР «Пробация туралы» Заңының 1 бабы 1 бөлігінде «санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқықбұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында олардың мінезін түзетуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар мен жекеше белгіленген қызметтер жүйесі» деп жазылған. Құрастырылған саяси-құқықтық шаралар жүйесі өзінің нәтижелерін берді. ҚР 2017-2019 жылғы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылып шыққан және пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарды әлеуметтік бейімдеу Кешенді стратегиясында белгіленгендей, пробация қызметінің есебінде тұратын адамдар саны ұлғайып, 2015 жылы 47862 адамды құраған (2014 жылы – 39530, 2013 жылы - 34309). Жыл сайын бас бостандығынан айыру орындарынан босатылып шыққан адамдардың саны көбеюде. 2015 жылы бұл көрсеткіш 162018 адамды құраған (2014 жылы – 11255 адам, 2013 жылы – 9020 адам).

Берілген жағдай қазіргі уақытта да сақталған. Сонымен, 2017 жылы пенитенциарлық мекемелерде отырған сотталғандардың саны 35534 адамды құраса, 2019 жылдың ортасына қарай – 29612 (-16,7%) адам болған. Пробация қызметінің есебіндегі адамдардың саны керісінше көбеюін жалғастыруда: 2017 жылы – 30212 адамнан, 2019 жылы – 35080 (+16,1%) құраған.

Сонымен қатар, есепте тұратын адамдар жасайтын қайталама қылмыстық құқық бұзушылықтар тұрақсыз болып қалып отыр. Мысалы, 2016 жылы бұл көрсеткіш төмендеген (-10,7%), ал 2017 жылы кенеттен өсіп кетті (+231%). 2018 жылы және 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында тағы да төмендеу байқалған (1,9% және тиісінше 25,8%). Жекеше айтқанда, бұл пробация институтын қылмыстық-атқару жүйесі органдарының жүзеге асыруының оң нәтижелеріне қарамастан аталған процестердің болашақтағы дамуын болжау мүмкіндігі жоқ.

Бүгінгі күні, яғни, 2022 жылға пробация институтын жетілдіру бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. Солардың біріне 2021 жылғы 31 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты ендіру және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №95-VII Заңы бойынша пробация қызметіне тән емес қызмет. Яғни, пробация қызметі есебінде тұратын сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету функциясын толығын алып тастап, бұл қызметтегі бұрынғы пробация қызметінің делдалдық рөлі алынып, әлеуметтік-құқықтық көмек алуға сотталғандар әлеуметтік жеке бағдарламасыз-ақ, тікелей жергілікті атқарушы органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарға жүгіне алады. Осы уақытқа дейін пробация қызметі жергілікті атқарушы органдар мен сотталғандар арасындағы делдал рөлінде, артық бюрократтық орган ретінде әлеуметтік жеке бағдарламалар құрастырып жіберіп отырған. Сол уақыт аралығында есепте тұратын сотталған адам жеке бағдарламасыз-ақ, әлеуметтік-

құқықтық көмекке мұқтаж болатын болса, уақыт пен күшін жоғалтпай, әр аумақ бойынша жұмыспен қамту орталықтарына, қоғамдық ұйымдарға кез-келген әлеуметтік-құқықтық көмек алу үшін жүгіне алатын болады [75]. Яғни сотталғандар өздерінің конституциялық құқықтарын ешқандай артық органның қолдаусыз кез-келген уақытта, тікелей өздері мұқтаждықтарына байланысты жүгіне алатын болады. Пробация қызметі алдағы уақытта өздеріне тән емес органның қызметін атқармайтын болады. Әлеуметтік-құқықтық көмекке мұқтаж сотталғанға пробация қызметі түсіндірме жұмысын жүргізіп, әлеуметтік-құқықтық көмекті алу органдарына көмек алу үшін жүгіну жолдарын түсіндіретін болады. Кез-келген сотталған жергілікті атқарушы органның жұмыспен қамту орталығына, өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға көмектесу ұйымдарына және басқа да қоғамдық ұйымдарға дербес азамат ретінде өзінің мұқтаждықтарын айтып, көмек алуға жүгіне алады. Осы деңгейге жету үшін отандық пробация қызметі көптеген қиындықтардан өтті. Оның себебі, біріншіден, жұмыс берушілер соттылығы бар адамдарды жұмысқа қабылдаудан бас тартады немесе әр сотталғанның қылмыстық кодекстің қай бабымен сотталғандығына қарап, таңдап қызметке қабылдайды. Осы ретте жұмыс берушілер «ұрлық» және «алаяқтық» баптары бойынша сотталған адамдарды, ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандарды жұмысқа қабылдаудан бас тартып жатады. Немесе жұмысқа қабылдауға келіскен жұмыс берушілер қызметі үшін тым аз жалақы мөлшерін ұсынады. Сәйкесінше сотталғандар жалақысы аз жұмысты емес, ресми түрде болмаса да, кез-келген жалақысы жоғары басқа жұмысты таңдайды. ҚР пробация қызметі инспекторлары арасында жүргізілген сауалнама арқылы осы сотталғандардың еңбекпен қамтылуы бойынша сұраққа, яғни, «пробация қызметінің есебінде тұратын сотталғандардың барлығы жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналасқан ба?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқан инспекторлардың 52 пайызы «ішінара жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмыспен қамтылған» деп жауап беріпті. Сауалнамаға «жоқ» деп жауап берген инспекторлар көрсеткіші

29,9 пайызды құрады. Ал, «иә, жұмысқа жұмыспен қамту орталығы арқылы орналасқан» деп жауап берген инспекторлар саны – 16,5 пайыз болды. Яғни, нақты жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмыс орнын тапқан сотталғандарды пайызды мөлшерде есептейтін болсақ, 16,5 % құрайтынын байқауымызға болады. Алдағы уақытта бұл сала жетілдіруді қажет етеді. Себебі бүгінгі күні өзінің қолданылу деңгейі бойынша төмен көрсеткішке ие болып отыр. Осы саланы дамыту арқылы сотталғандар арасында қайталама қылмыс жасау деңгейін және сонымен қатар олардың материалдық жай-күйлерін түзетуге мүмкіндік болар еді. Оның себебі жұмыс орны бар адамның әрқашан уақыты дұрыс жоспарланған болады және тұрақты табыс көзі болады.

Жалпы, 2016 жылдан бастап пробация қызметін жүзеге асыру бойынша жұмысты оңтайландырудың нәтижесін байқауымызға болады. 2021 жылы қабылданған 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасының 4.12 тармағында жазаларды орындау жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп жетілдіру мәселесі аталып өткен [1]. Соның ішінде бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларын сапалы орындау туралы жазылған. Яғни, пробация қызметін алдағы уақытта жетілдіруді қажет ететіндігі айтылған. Сандық көрсеткіштен сапалық көрсеткішке өту қажеттілігі баяндалған. Бүгінгі таңда өзекті болып табылатын цифрландыруды пробация қызметіне енгізу мүмкіндігін жан-жақты қарастырып, жазаларды орындауда цифрландыру құрылғыларын қолдану аясын кеңейту көзделген. Бұған қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан электрондық бақылау құрылғыларын пайдалануды жатқызсақ болады. Жалпы республика бойынша бұндай білезіктерден 2562 данасы алынған. Аталған білезіктер ең алдымен жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыс жасаған сотталғандарға міндетті түрде тағылатын болады. Егер де әр аумақ бойынша ҚАЖД пробация қызметтеріне бөліп қарастыратын болсақ, сотталғандарға арналған білезіктер Нұр-Сұлтан қаласына – 82 дана, Алматы қаласына – 46 дана, Шымкент қаласына – 49 дана, Алматы облысына - 124 дана, Ақмола облысына – 104 дана, Ақтөбе облысына

– 208 дана, Атырау облысына – 71 дана, Шығыс Қазақстан облысына – 435 дана, Жамбыл облысына – 128 дана, Батыс Қазақстан облысына – 82 дана, Қарағанды облысына – 385 дана, Қостанай облысына – 472 дана, Қызылорда облысына – 30 дана, Маңғыстау облысына – 41 дана, Павлодар облысына – 119 дана, Солтүстік Қазақстан облысына – 144 дана, Түркістан облысына – 42 дана бөлінген. Осы электрондық бақылау білезіктері тиісті аумақтың қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің пробация қызметіне басшылық ету бөлімдеріне жеткізіліп одан әрі аумақ бойынша пробация қызметтеріне жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыс жасаған сотталғандарға және қайталама қылмыс жасауға бейімділігі жоғары деп танылған сотталғандарға тағылатын болады. Білезіктер инспекторлармен арнайы планшет арқылы тіркеліп, үнемі электрондық білезік тағылған сотталғандардың орны туралы хабардар болып отырады. Білезікті есепте тұратын сотталған өз еркімен жазаны өтеудің еш уақытында шеше алмайды және оны бүлдіруге болмайды. Аталған электрондық бақылау білезіктері пробация қызметінің жұмысын оңтайландыруға және цифрландыруының алғышарттарының бірі болып табылады.

ҚР Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 ҚР құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Жарлығының 4.12 тармағында жазаларды орындауға байланысты мәселелер қамтылған. Соның ішінде пробация қызметіне қатысты сотталғандарды автоматтандырылған есепке алу процесстерін одан әрі қарай цифрландыруды жалғастыру туралы, қоғамдық жұмысқа тартылған сотталғандарға қатысты олардың жазасын өтеу барысында арнайы тану киімін киіп жүру терең профилактикалық мағынаға ие болатындығы және бұл тәжірибе шетелде әсерлі екендігі, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды сапалы орындаудың өзектілігі айқындалып алдағы уақытта пробация қызметін түрме қызметінен пробацияның дербестігін қамтамасыз ету және қаржыландыру жеке нысаналы кіші бағдарламасын бөлуді қарастыру қажеттілігі жазылған. Пенитенциарлық пробацияның тиімсіз болғандығы аталып өтті және

пенитенциарлықтан кейінгі пробацияны орындауда сандық көрсеткіштен сапалық көрсеткішке өту қажеттілігі айқындалған. Осы ретте әр ойға тоқталар болсақ, сотталғандарды автоматтандырылған есепке алуды цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде соның дәлелі ретінде енгізіліп жатқан электрондық бақылау білезіктерінің іске қосылу бар, қоғамдық жұмысқа тарту туралы жазаға сотталғандарға арнайы тану киімін кейбір облыстарда пилоттық жоба ретінде қарастырылып жатыр (яғни, арнайы жазуы бар күртеше киіп қоғамдық жұмысты атқару), пенитенциарлықтан кейінгі пробацияны жүзеге асыруда сандық көрсеткіштен сапалық көрсеткішке өтуде сотталғандардың өздеріне сотпен жүктелген міндеттемелерін сапалы орындауын бақылауымыз қамтамасыз ету жатады.

Барлық жоғарыда келтірілген негіздемелер арқылы Қазақстан Республикасының пробация қызметі 2016 жылдан бастап айтарлықтай даму жолына түсіп келе жатқанын көруімізге болады. Төменде берілген кесте арқылы пробация институтының қалыптасу және өзгеру жағдайларын көруімізге болады:

2012 жылға дейін Қылмыстық-атқару инспекциялары	2012 жылы Қылмыстық-атқару инспекциялары	2015 жылы Пробация қызметі	2016 жылы Пробация қызметі
Қызметтері: - бақылау; - қадағалау. ҚАИ штаты – 359	Қызметтері: - бақылау; - қадағалау. + - шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік- құқықтық көмек көрсету - үкімдік пробация ҚАИ штаты - 1358	Қызметтері: - бақылау; - шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік- құқықтық көмек көрсету + 1) ББШ жазасына сотталғандарға; 2) ББА орындарынан ШМББ адамдарға; 3) ББА орындарынан	Қазақстан Республика сында ең алғашқы дербес Пробация туралы Заңның қабылдануы пробация ↓ үкімдік пенитенциар лықтан кейінгі + Сотқа дейінгі пробация Пенитенциар

		әкімшілік қадағалау бойынша босатылғандар Үкімдік пробация + Пенитенциарлықтан кейінгі пробация Штат - 1348	лық пробация
--	--	---	--------------

Берілген бөлімді қорытындылайтын болсақ, Қазақстан Республикасындағы пробация қызметінің жұмысын жетілдіру бойынша алда көптеген іс атқаруды талап етеді. Атап айтатын болсақ, Президентіміздің Жарлығында қарастырылғандай, жазаларды орындауда цифрландыруды қолдану, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталған адамдарға пробациялық бақылауды жүзеге асыруда оңтайлы және шетелдік озық тәжірибелерін қолдану. Мысалы, оның бір түріне болашақта барлық қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жазаға сотталғандарға арнайы тану киімін кигізуді қолдану жатқызуға болады. Орталық автоматтандырылған деректер базасының жұмысын одан әрі жетілдіріп, сотталғандарды тіркеуден өтуді цифрландыру арқылы пробация қызметінің жұмысын оңтайландыруға қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, заңнамаға бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаны орындауға қатысты тиімді өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы пробация қызметін одан әрі жетілдіре аламыз. Бүгінгі күні қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандар саны жалпы сотталғандар саны арасында үлкен көрсеткішке ие болғандықтан, аталған салада жұмысты жетілдіру қоғамды қылмыстылықтан тазарту және соттылығы бар адамдарды қоғамға қайта бейімдеуде зор маңызға ие болып табылады.

Қорытынды

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталған адамдарға пробациялық бақылауды жүзеге асыруда туындайтын бірқатар проблемаларды анықтадық. Зерттеу тақырыбы аясында пробация қызметі инспекторлары арасында сауалнама жүргізіліп, сауалнамаға ҚР аумақтық пробация қызметінен 128 инспектор жауап берді. Осы сауалнама нәтижелеріне тоқталғанды жөн санадық. Сауалнамаға қатысқан пробация қызметі инспекторлары арасында жұмыс өтілі 3 жылдан жоғары респонденттер саны – 63,9%, 1 жыл мен 3 жыл аралығында – 15,7%, 1 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар – 10,2%, 6 айға дейінгі – 5,5% құрады. Әр инспекторға келетін жүктеме бойынша 80-100 сотталғанға бақылау жүргізетіндер – 16,5%, 50-80 сотталған – 38,6%, 50 сотталғанға дейін – 44,9% құрады. «Пробациялық бақылауды жүзеге асыруда қандай қиындыққа тап боласыз?» деген сұрақты сауалнамаға қатысқан инспекторлардың жартысынан көбі «материалдық-техникалық қамтамасыз етілуде» деп жауап берді «Есепте тұратын сотталғандардың қай санаты қайта қылмыс жасауға көбірек бейімді келеді?» деген сұраққа «бас бостандығынан айыру орындарынан бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының өтелмеген бөлігі жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырылып босатылғандар және бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталғандар» деп жауап берген. Сонымен қатар, жаза өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзған сотталғандарға қатысты жазасының өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы пробация қызметінің сотқа жолдаған ұсынымдарын қанағаттандырудан бас тарту жағдайлары қаншалықты жиі орын алады деген сұраққа инспекторлардың басым бөлігі «иә, жиі орын алады», деп жауап берген екен. Осы сұраққа кейбір инспекторлар өз жауабы ретінде «соттар көбінесе пробациялық есепте тұрған сотталғандар қайталама қылмыс жасап және жасаған қылмысы татуласу арқылы қысқартылатын болса ғана соттар ұсынымды қанағаттандырады. Ал, пробация қызметі анықтаған жазаны өтеу

ережелерін бұзғандары үшін жолданған ұсынымдар көбінесе қанағаттандырудан бас тартылады. Егер де соттар инспекторлар анықтаған құқық бұзушылықтар үшін (жазаны өтеу тәртібін бұзғандары үшін) бас бостандығынан айыру орнына жіберетін болса, онда қайталама қылмыс орын алмаушы еді», деген жауап берген. Дәл осы жауапты тағы бірнеше респондент берген. «ҚР ҚАК 68 бабы бойынша жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығынан айыру орындарына жіберілген сотталғандар түзеу мекемесінен жазасының белгілі бір мерзімі өткеннен соң ҚР ҚК 73-бабына сай жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы сотқа қолдау хат беріп, сотталғанның өтініші қанағаттандырылып аталған сотталған бұрынғы мекенжайы бойынша есепке қайта тұрған фактілер орын алды ма?» деген сұрақты сауалнамаға қатысқан инспекторлардың 72,4% «иә» деген жауапты таңдаған. Осы ретте біздің ҚР ҚК ұсынып отырған толықтыруымыз өте орынды деп білеміз. Себебі, пробация қызметінің есебіндегі сотталған адам өзінің сот алдындағы міндеттемесін түсініп, бұл жаза түрі қолдануға болатынын, оған тек бір мүмкіндік берілгенін түйсініп, алдағы уақытта жазасын тиісті деңгейде орындайтын болады. Себебі адам қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазасының қаншалықты салмақты екенін сезініп, алдағы уақытта жазаны өтеу ережесін бұзбайтын болады.

Жоғарыда келтірілген шара арқылы бір мезетте ізгілендіруді қолданып, сонымен қатар зор жауапкершілікті сезіндіретін боламыз.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салу түріндегі жазасы негізгі және қосымша жаза ретінде қолданылады. Аталған жаза түрін іс жүзінде тексеруге және сол лауазымды қызмет атқаруға рұқсатты тиісінше органдар мен ұйымдар жүзеге асырады. Мысалы, көлік жүргізу құқығынан айыру туралы жазаны полиция қызметкерлері жүзеге асырады. Пробация қызметі сот үкімінің көшірмесін тиісті органға жолдайды. Аталған процедура әр тоқсанда бір рет жүзеге асырылуы қажет. Егер сотталған адамға мемлекеттік қызметте жұмыс атқаруға тыйым салынған болса, бұл жаза

түрін әділет органына сотталғанға қатысты ақпаратты (соттың үкімі не қаулысы) пробация қызметі жібереді. Әділет органы өз кезегінде сотталғанға қатысты барлық ақпаратты тексеріп, ондай санаттағы адамдардың мемлекеттік қызметте жұмыс атқаруына тыйым салынғаны туралы хабарламаны алады. Сонымен қатар, Мемлекеттік қызмет туралы заңға сәйкес, соттылығы бар адамдар мемлекеттік қызметке қабылданбайды. Бұл осы Заңның 16-бабында белгіленген [76]. Егер, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салынған сотталған жаза өтеу тәртібін саналы түрде бұзатын болса, оларға қатысты пробация қызметі тарапынан қолданылатын ықпал ету тетіктері ҚР ҚК және ҚАК нақты көрсетілмеген. Сол себептен, егер осы жаза түріне сотталған адамдар жаза өтеу шарттарын бұзатын болса, іс жүзінде оларға қатысты пробация қызметі ешқандай шара қолдана алмайды. Яғни, белгілі бір қызмет түрімен айналысуға, белгілі бір лауазымды атқаруға тыйым салынған адам осы қызметтермен айналысу құқығынан шектелумен қатар пробация қызметінің алдында міндеттемелері болады. Мысалы, ҚР ҚАК 74 бабының 1-бөлігінде сотталғанның пробация қызметі алдындағы міндеттемелері белгіленген. Соның біріне: пробация қызметіне шақырту бойынша келіп тұру міндеті, өзінің жұмыс орны, тұрғылықты жері бойынша барлық ақпаратты беріп отыру міндеттілігі бекітілген. Осы ретте, айта кететін жайт, бұл жаза түріне сотталғандарға ҚР аумағынан тыс жерге шығуға тыйым салынбаған. Олар жазаны өткерудің кез-келген уақытында шетел мемлекетіне шығу құқығына ие. Заңнама бойынша жаза уақыты аяқталғанша ҚР аумағынан шығуға шектеу берілетін норма бекітілмеген. Себебі бұл жазаның мәні – тек тыйым салынған қызмет түрімен айналыспауында.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазасын мүлдем жаза түрі ретінде ҚК алып тастауды ұсынуымыздың себебі, бұл жаза түрі бүгінгі күн талабына сай келмейтін тиімсіз жаза түрі болып табылады. Қазіргі нарықтық даму мезгілінде жұмыс берушіге де, сотталған адамға да жалақысының белгілі бір мөлшерін ұстап отыруы және сонымен қатар пробациялық бақылауда болуы тиімсіз

болғандықтан осы жаза түрі соттармен өте сирек тағайындалады. Біз жоғарыда келтірген мысалдар бойынша түзеу жұмыстары түріндегі жаза жылдан жылға тағайындалу саны кеміп келе жатқанын байқадық. Соңғы 2021 жылы пробация қызметінің есебінен республика бойынша 20 адам өткен. Бұл көрсеткіш жалпы пробация қызметінің есебінен өткен сотталғандардың «0,03%» құраған. Ал, 2020 жылы «0,05%» пайыз болған. Берілген статистикалық мәліметтердің өзінен-ақ түзеу жұмыстары түріндегі жаза тиімсіз және өте аз мөлшерде тағайындалатын жаза түрі болып табылатындығының дәлелі болып отыр. Сондықтан түзеу жұмыстарын жаза түрі ретінде қылмыстық заңнамадан және қылмыстық-атқару заңнамасынан жазаның тағайындалу тиімсіздігіне байланысты алынып тасталатын болса, бұл шешім негізді және дәлелді болмақ.

Диссертациялық жұмыста қойылған мақсат толығымен орындалды деп санаймыз. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталған адамдарға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асырудағы проблемалар анықталып, оларды шешу жолдары ұсынылды. Аталған ұсыныстар арқылы бұл бағыттағы қызметті сапалы орындауға мүмкіндік туады. БА жазасына балама жазасын орындау арқылы қоғамдағы қылмыстылық деңгейін де төмендетуге болатыны анық. Жаза басып, жаңылысқан адамды қоғамға қайта бейімдеп, оның алдағы уақытта қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуына пробация қызметінің атқарар жұмысы, қосар үлесі өте маңызды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (дата обращения: 27.03.2022).
2. ҚР Пробация туралы 30.12.2016 ж. № 38-VІзаңы. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000038> (дата обращения: 27.03.2022).
3. ҚР Қылмыстық Кодексі 03.07.2014 ж. №226-V. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (дата обращения: 27.03.2022).
4. Борчашвили И.Ш. Перспективы развития уголовного законодательства Республики Казахстан: Проблемы и перспективы развития уголовного законодательства Республики Казахстан: Мат-лы международной научно-практической конференции. – Караганда. 2003. – С. 25-29.
5. Балтабаев К.Ж. Проблемы применения альтернативы лишению свободы в Республике Казахстан // Конституционные основы уголовного права: Мат-лы I Всероссийского конгресса по уголовному праву, посвященного 10- летию Уголовного кодекса Российской Федерации. – М., 2006. – С. 40-43.
6. Этнография и культура древних кочевников. – Алматы, 2006. –130 с.
7. Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Часть третья. Этнографические известия. – СПб., 1832. – 270 с.
8. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. — Алма-Ата: Рауан, 1992. – 374 с.
9. Султанов Т.И., Абусейтова М.Х. Общество и культура //История Казахстана и Центральной Азии. Алматы, 2001. – С. 365-374.

10. БҰҰ Бас Ассамблеясының қаулысымен қабылданған айырумен байланысты емес (Токио ережелері) шаралары бойынша БҰҰ минималды стандартты ережелері №45/110 1990 жылы 14 желтоқсан.
11. «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» ҚР Президентінің 20.05.2015 жылғы бағдарламасы. [Электронный ресурс] – Режим доступа:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100> (дата обращения: 20.03.2022).
12. Материалы по казахскому обычному праву: Научно-популярное издание. / Сост.: Т.М. Культелев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. – Алматы: Жалын, 1998. – 464 с.
13. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т. 4. Алма-Ата, 1961. – 325 с
14. Филимонов В.Д. Принципы уголовного права. – М.: АО «Центр ЮрИн-фо», 2002. – 139 с.
15. Улла Бунденсон. Надзор за отбывающими наказание на свободе. — М.: Юрид.лит., 1979. – 269 с.
16. Люблинский П.И. Условное осуждение в иностранном и советском праве. – М., 1963. – 97 с.
17. Тимашев Н.С. Условное осуждение. – СПб.: Тип. М. Квара, 1914. – 121 с
18. Якубович М. И. О правовой природе института условного осуждения // Советское государство и право. 1946. N 11. – С. 53-58.
19. Ленинский сборник / под ред. В.В. Адоратского, В.М. Молотова, М.А. Савельева. Том XIII. – Москва-Ленинград: Госиздательство, 1930. – 205 с.
20. Ткачевский Ю.М. Понятие условного осуждения // Вестник МГУ. 2003. N 3. – С. 38
21. Положение о полковых судах от 10 июля 1919 г. // СУ РСФСР. – 1919. – № № 31-32. – С. 326
22. СУ РСФСР. – 1923. – № 70. – Ст. 686; СУ РСФСР. – 1924. – № 61. – Ст. 604; СУ РСФСР. – 1925. – № 25. – Ст. 181; СУ РСФСР. – 1927. – № 50. – С. 504
23. Минязева Т.Ф. Аксиологическая характеристика правовых норм об отсрочке исполнения приговора осужденному // Уголовно-правовые меры

- борьбы с преступностью в условиях перестройки / Отв. ред. И.Я. Козаченко. – Свердловск: СвЮИ, 1990. – С. 156-162.
24. Уголовное право. История юридической науки / Отв. ред. Н.В. Кудрявцев. – М.: Юрид.лит., 1978. – 221 с.
25. Ткачевский Ю.М. Понятие условного осуждения // Вестник МГУ. 2003. N 3. – С. 38; Пионтковский А.А. Советское уголовное право. Общая часть. – М.-Ленинград: Госиздательство, 1929. Т. 1. – 455 с.
26. Шаргородский М.Д. Наказание по советскому уголовному праву. – М.: Госиздательство, 1958. – 240 с.
27. Шаргородский М.Д. Наказание по советскому уголовному праву. – М.: Госиздательство, 1958. – 240 с.
28. Ведомости Верховного Совета СССР. – 1942. – № 8. – 57 с.
29. Уголовный кодекс Казахской кодекс Казахской Советской Социалистической Республики от 22 июля 1959 года. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1962. – 213 с.
30. Указ Президиума Верховного Совета СССР от 15 февраля 1977 года «О дополнении основ уголовного законодательства Союза ССР и союзных республик статьей 391 »// Ведомости Верховного Совета СССР. – 1977. – № 8.
31. Указ Президиума Верховного Совета Казахской ССР «О внесении изменений и дополнений в Уголовный кодекс КазССР» от 11 марта 1977 года // Ведомости Верховного Совета КазССР. – 1977. – № 11.
32. Указ Президиума Верховного Совета СССР от 26 июля 1982 года «О дальнейшем совершенствовании уголовного и исправительно-трудового законодательства» // Ведомости Верховного Совета СССР. – 1982. – № 30.
33. Постановление Пленума Верховного Суда СССР от 31 марта 1978 года «О практике применения статьи 39 Основ уголовного законодательства» // Бюллетень Верховного Суда СССР. – 1978. – № 3.

34. Постановление Пленума Верховного Суда «О судебной практике по применению отсрочки исполнения приговора» от 21 июня 1985 года // Бюллетень Верховного Суда СССР. – 1985. – № 4. – С. 14-18.
35. Постановление Пленума Верховного Суда СССР от 23 декабря 1970 года № 14 «О судебной практике по применению условного осуждения к лишению свободы с обязательным привлечением осужденного к труду» // Ведомости Верховного Совета СССР. – 1970. – № 5.
36. ҚР 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Қылмыстық Кодексі. Күші жойылды 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық Кодексімен [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167>. (дата обращения: 27.03.2022).
37. Қазақстан Республикасының 16 шілде 1997 жылғы № 206 Қылмыстық іс жүргізу Кодексі. Күші жойылды – Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V Кодексімен. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000206>. (дата обращения: 27.03.2022).
38. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2002 жылғы 21 желтоқсандағы № 363-ІІ Заңы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000363>. (дата обращения: 27.03.2022).
39. Гета М. Р. Альтернативы наказанию: Учеб. пос. – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2004. – 176 с.
40. Қазақстан Республикасының «кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-ІV Заңы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000393>. (дата обращения: 27.03.2022).
41. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012

- жылғы 15 ақпандағы № 556-IV Заңы.[Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000556>. (дата обращения: 27.03.2022).
42. Хаитжанов А. История возникновения и развития института условного осуждения// Уголовно-исполнительная система: право, экономика, управление. – 2008. – № 2. – С.13-16.
43. Музеник А. К., Уткин В. А., Филимонов О. В. Условное осуждение и отсрочка исполнения приговоров. – Томск, 1990. –131 с.
44. Звечаровский И. Э. Уголовно-правовые нормы, поощряющие посткриминальное поведение личности. — Иркутск, 1991. – 160 с.
45. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана қ., 2014 жылғы 14 желтоқсан. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>. (дата обращения: 27.03.2022).
46. Онгарбаев Е.А. Теоретические проблемы классификации преступлений по уголовному праву Республики Казахстан: дис. ... док.юрид. наук: 12.00.08. – Караганда, 1998. – 336 с.
47. Альтернативы тюремному заключению и меры по возвращению правонарушителей в общество: доклад Генерального секретаря ООН по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями. – Милан, 1985. – 21 с.
48. Альтернативы тюремному заключению и меры по возвращению правонарушителей в общество: доклад Генерального секретаря ООН по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями. – Милан, 1985. – 21 с.
49. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі 1997 жылғы 13 желтоқсандағы № 208. Күші жойылды: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №234 кодексімен. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z97000020>.(дата обращения: 27.03.2022).

50. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №231-V. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234>. (дата обращения: 27.03.2022)
51. 2016 жылғы 22 қазандағы Қ. Қасымовтың төрелігімен өткен ҚР ІІМ алқалық отырысы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.lada.kz/anothernews/43055-kolichestvo-zaklyuchennyh-sokratilos-na-30-procentov-za-pyat-let-v-kazahstane.html>. – (дата обращения: 27.03.2022).
52. «Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы №1131 Қаулысы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P140000113>. (дата обращения: 28.03.2022).
53. Гета М.Р. Пробация и ее перспективы в уголовном праве Республики Казахстан: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – Томск, 2000. – 22 с.
54. Лист Франц. Задачи уголовной политики. Преступление как социально-патологическое явление. – Москва ИНФРА-М, 2018. – 132 с.
55. Лопашенко, Н.Е. Введение в уголовное право. – М.: Wolters Kluwer, 2014. – 21 с.
56. Нильс Кристи. Приемлемое количество преступлений. - Алетейя. - 2011. - 176 с.
57. См: материалы «круглого стола» 14 февраля 2012 года. Департамент УИС по Павлодарской области. - г. Павлодар. - 2012 год.
58. Ольховик Н.В. Реформирование уголовно-исполнительных инспекций: функциональный аспект // Обеспечение процесса реформирования исполнения наказаний в Российской Федерации: Сборник материалов Международной научно-практической конференции, г. Рязань, 20-30 октября 2009 г. - Рязань: Акад. ФСИН России, 2010. - С. 237- 241.
59. Ермасов Е., Дегтярева О. Проблемы создания службы пробации в России // Преступление и наказание. 2015. N 10. С. 21 – 23.

60. Служба пробации для бывших заключенных может появиться в России до 2020 года// Электронный ресурс - URL: <https://riafan.ru/1125989-sluzhba-probatsii-dlya-byvshikhzaklyuchennykh-mozhet-poyavitsya-v-rossii-do-2020-goda> (дата обращения:28.03.2022).
61. Симонова Ю.И., Чиржова О.В. визит казахстанских специалистов в Великобританию// развитие службы побации в Республике Казахстан. Development of the probation system in Kazakhstan. Астана, 201. Ч.3. С.24
62. Ведерникова О.Н. Теория практики борьбы с преступностью: Британская криминологическая модель: дис... доктора юр.наук. М., 2001. 18 с.
63. Отчет по пилотному проекту «Совершенствование института пробации», Астана, 2018, 60 с.
64. Б.К. Шнарбаев, А.Е. Мизанбаев, «Қазақстандағы пробация: жазаны орындау және пробациялық бақылауды жүзеге асыру(теориялық және тәжірибелік аспектілері)», оқулық, 2015 жыл. С. 135-140.
65. Алматы қаласы бойынша ҚАЖД Алматы қаласы Түрксіб ауданы ПҚ жеке істері мұрағатынан ақпарат, 2021 – 136 с.
66. Түркістан облысы бойынша ҚАЖД Сарыағаш аудандық ПҚ мұрағатынан ақпарат, 2020 – 147 с.
67. 14.07.2000 жылғы Әзірбайжан Республикасының жазаларды орындау Кодексі. Электронный ресурс – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30420206 (дата обращения: 11.03.2022).
68. ҚР ІІМ ҚАЖК статистикалық мәліметтері. (Жылдық жиынтық есептерінен ақпарат, 2019, 2020, 2021 жылғы құжаттар).
69. Курс советского уголовного права. Общая часть. – Л., 1970. Т. 2. – 281 с.
70. Баунов А.П. Вопросы теории и практики исправительных работ без лишения свободы в советском праве: Автореф. дис. .. к.ю.н. – М. 1966 – 9 с.
71. Гуськов В.И. Назначение и исполнение исправительных работ как мера уголовного наказания: Автореф. дис. к.ю.н. – 1966 . – 9 с.
72. Бушуев И.А. Исправительные работы. – М., 1968. 234 с.

73. ҚР Қылмыстық-атқару құқығы, З.С. Тоқыбаев, С.Қ. Алтайбаев, 2017 ж. – С.146.

74. Алматы облысы бойынша ҚАЖД Қапшағай қалалық ПҚ жеке істері мұрағатынан ақпарат, 2021 – 125 с.

75. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты ендіру және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №95-VII Заңы.[Электрондық ресурс] – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000095>. (дата обращения: 28.03.2022).

76. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Заңы. [Электрондық ресурс] - Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>. (дата обращения: 28.03.2022).